


Қайтарылған актив ел игілігіне



2-бет

Көкше теңізді ән тербеп...



3-бет

Топтық кезең тартысы



8-бет

Құрметті ішкі істер органдарының ардагерлері мен полиция қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мереке – Полиция күнімен шың жүректен құттықтаймыз!

Ішкі істер органдарындағы қызмет жоғары кәсібилікті, батылдықты, жауапкершілікті және өз ісіне берілгендікті талап етеді. Күн сайын сіздер заң мен тәртіпті сақтап, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайсыздар.

Сіздердің адал еңбектеріңіздің арқасында қоғамдық тыныштық нығайтып, азаматтардың құқық қорғау жүйесіне оған сенімі артып, елімізде тұрақтылық пен құқықтық тәртіп сақталуда.

Осы орайда ішкі істер органдарының ардагерлеріне ерекше алғысымызды білдіреміз. Сіздердің көп жылдық тәжірибелеріңіз, қызметке адалдықтыңыз – жас қызметкерлер үшін үлгі және ұрпақтар сабақтастығының маңызды негізі.

Бұл мереке күні біз өз өмірімізді Заңға және Отанға қызмет етуге арнағандарыңызға барлығымызды білдіреміз. Сіздерге адалдықтыңыз бен шыдамдылықтарыңыз үшін рахмет.

Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке, қызметтеріңізге табыс тілейміз!

Мереке құтты болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі,
Нүркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

• 23 МАУСЫМ – ПОЛИЦИЯ КҮНІ

Халық сенімі – басты өлшем

Заң мен тәртіп – қоғам тұрақтылығының қос қанаты. Бүгінгі қазақстандық полиция заман талабына сай қалай өзгерді және халықтың құқықтық санасы бұл үдеріске қалай әсер етуде? Әлбетте, мемлекеттің ішкі тұрақтылығы мен қоғам қауіпсіздігі – кез келген өркениетті елдің даму көрсеткіші. Ал, осы қауіпсіздіктің алғы шебінде, түн ұйқысын төрт бөліп, занның үстемдігін күзетіп тұрған бірден-бір орган – полиция. Қарапайым бұқараның тыныштығын қорғайтын тәртіп сақшыларының жұмысы бүгінде мүлдем жаңа мазмұнға ие болды. Қазіргі қоғам полициядан тек қылмыскерді құрықтауды емес, ең алдымен, азаматтардың мұң-мұқтажына құлақ асатын ашықтық пен кәсібилікті талап етеді.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында: «Полиция жұмысының тиімділігі есеппен емес, халықтың сенімімен өлшенуі тиіс. Бізге заманауи, сервистік модельге көшкен, азаматтардың қауіпсіздігін толық қамтамасыз ете алатын жаңа тұрпатты құқық қорғау жүйесі қажет», – деп, бұл бағытты нақты шегелеп берген болатын. Сәйкесінше, ел дамуының басым бағыттарын айқындайтын басты құжатта айтылған бұл сөздер бүгінгі қазақстандық полицияның негізгі темірқазығы, жұмыс істеу философиясы ғана емес, кейіннен Қазақстанда полицияның сервистік моделіне көшу реформаларының негізіне айналды.



Коллаж: жасаған Шаһир Алашбаева

Ішкі істер органдарының кешегі күні мен бүгінгі тынысын таразылар болсақ, жер мен көктей айырмашылық бар. Осыдан бірнеше жыл бұрын полиция жүйесінде құрғақ статистика мен жоспарлы көрсеткіштер басым болса, бүгінде ол түбегейлі өзгеріп, қазір адам тағдыры, азаматтардың жан айқайы бірінші орынға шықты. Құқық қорғау органы халық сенесінен, жасқана қарайтын жабдық, репрессивті құрылым емес бүгінде. Яғни, жазалаушы орган емес, көмекке жедел келетін, халыққа қызмет көрсететін құрылым.

Мемлекет енгізген «Сервистік полиция» моделі осы түбегейлі бетбұрыстың айғағы. Соның бір дәлелі – жақындық пен қолжетімділік. Полиция бөлімшелері «кедергісіз қызмет көрсету» форматына көшті. Ескі үлгідегі, темір тормен қоршалған ғимараттың орнына заманауи, ашық фронт-офистер келді. Әлеуметтік желідегі ресми парақшалар мен мобильді қосымшалар арқылы халықпен тікелей, онлайн байланыс орнату тұрақты

үрдіске айналды. Одан бөлек, дәл осы әлеуметтік парақшадан халықтың полицияға деген ерекше ықыласын көруге болады. Мәселен, облыстың полиция департаментінің Instagram-дағы мен tergeushi_bolamup парақшасында Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы полиция бөлімінің аға тергеушісі, полиция майоры Мархабат Шөкееваға тұрғындардың бірі – Гүлім Қанатбекқызы алғыс білдірді.

► 4-бет

• БҮГІН – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ КҮНІ

Мемлекеттік қызметтің миссиясы

Кейде мемлекет деген ұлы ұғымды заңдар мен қаулылардан, ғимараттар мен мекемелерден іздейміз. Шың мәнінде, мемлекет – ең алдымен адам. Елдің ертеңіне алаңдайтын, халықтың мұңын тыңдайтын, қоғамның тынысын сезінетін, күн сайын азаматтардың тағдырымен бетпе-бет келетін адам. Сондықтан, мемлекетке деген көзқарас көбіне сол мемлекеттің атынан сөйлейтін, шешім қабылдайтын, қызмет көрсететін азаматтардың бейнесі арқылы қалыптасады.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақ «Елге қызмет ету – ердің ісі» дейді. Мұнда тұтас бір тағдыр, тұтас бір жауапкершілік жатыр. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан мемлекеттік басқарудың өзіндік мектебін қалыптастырды. Елмен бірге мемлекеттік қызмет те есейді, жаңарды, заман ағымына бейімделді. Бүгінде мемлекеттік аппарат қоғамның сұранысына жедел жауап беретін, халықпен бірге дамитын заманауи институтқа айналып үлгерді.

Осы орайда қоғамдағы кез келген оң өзгерісте, табысты бастама мемлекеттік қызметшілердің маңдай тері мен қажырлы қайраты жатқаны сөзсіз.

Соңғы жылдары елімізде мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту бағытында ауқымды реформалар жүзеге асырылып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен

қолға алынған өзгерістердің түпкі мақсаты – әділетті, тиімді және халыққа жақын мемлекеттік аппарат қалыптастыру. Осы бағыттағы маңызды қадамның бірі – жақында қабылданған жаңа редакциядағы «Мемлекеттік қызмет туралы» Заң.

Мұнда 2024-2029 жылдарға арналған мемлекеттік қызметті дамыту тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсатында әзірленген. Негізгі идеясы – мемлекеттік қызметтің жаңа мәдениетін қалыптастыру.

Бүгінгі күннің мемлекеттік қызметшісі кабинетте отырып бұйрық беретін шенеунік емес. Ол – қоғаммен ашық диалог жүргізетін, халықтың сұранысын ескеретін, нақты нәтижеге жұмыс істейтін кәсіби маман. Жаңа заңда алғаш рет мемлекеттік қызметтің миссиясы нақты белгіленді.

Қоғам дамыған сайын мемлекеттік қызметке қойылатын талап та арта түседі. Бүгінде кәсіби біліммен қатар адалдық, ашықтық,



Коллаж: жасаған Шаһир Алашбаева

жауапкершілік, адаммен тіл табыса білу, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу сияқты қасиеттер алдыңғы қатарға шықты. Жаңа заңда мінсіз бедел институтының енгізілуі де кездейсоқ емес.

Әдеп пен адалдық мемлекеттік қызметтің басты өлшеміне айналған бүгінгі кезеңде бұл талаптардың мәні бұрынғыдан да артып

отыр. Мемлекеттік қызметші үшін халықтың сенімі – ең үлкен марапат. Ал, сол сенімді сақтау – ең үлкен жауапкершілік.

Бүгінде облыста штат бойынша 4405 мемлекеттік қызмет орны қарастырылса, оның 3939-ы нақты қызметкерлермен жасқалған. Олардың арасында басқарушылық шешім қабылдайтын тәжірибелі

басшылар да, жаңа Қазақстанның келбетін қалыптастырып жатқан жас буын да бар.

Қарағанды өңіріндегі мемлекеттік қызметтің тағы бір ерекшелігі – әйел азаматтардың белсенділігі. Бүгінде облыста 2687 әйел мемлекеттік қызметте еңбек етеді. Ал, ер азаматтардың саны – 1252. Олардың күнделікті жұмысы

көп жағдайда көзге көріне бермейді. Бірақ, әр салынған мектептің, пайдалануға берілген тұрғын үйдің, жөнделген жолдың, іске қосылған кәсіпорынның, әлеуметтік қолдау алған отбасының қуанышында да мемлекеттік қызметшілердің жүйелі еңбегі бар. Мемлекеттік қызметтің ерекшелігі де осында. Оның нәтижесі көбіне есепте емес, адамның тағдырында көрінеді.

Ал, 2026 жылдың 1 сәуірінен енгізілген мемлекеттік қызметке қабылдаудың жаңа тәртібі меритократия қағидаттарын одан әрі күшейте түсті. Бүгінде іріктеу толық цифрлық форматқа көшірілген. Конкурсқа қатысу рәсімдері «Е-қызмет» жүйесі арқылы онлайн жүргізіледі. Құжат тапсырудан бастап тестілеу, бағалау және конкурстық кезеңдерге дейінгі барлық процесс автоматтандырылған.

Бұл ашықтықты қамтамасыз етеді, адами факторды азайтады, ең мықты кандидаттарды анықтауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызметші еңбегінің түпкі мақсаты біреу ғана. Ол – халықтың әл-ауқатын жақсарту, мемлекетті нығайту, ел болашағына қызмет ету. Ендеше, халықтың сенімі әрдайым серік болсын! Өйткені, мемлекет қуаты – халық сенімінде.

Қайтарылған актив ел игілігіне

Мемлекет басшысының мемлекетке қайтарылған активтерді халық игілігіне бағыттау жөніндегі тапсырмасы жүйелі жүзеге асып келеді. Соның нақты көрінісі – Балқаш қаласындағы бірқатар әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандар. Қайтарылған активтер есебінен шаһарда әуежай қайта жаңғыртылып, көпбейінді аурухана жаңартылды. Сонымен қатар, балаларға арналған оңалту орталығы күрделі жөндеуден өтті.



Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жұмыс сапары барысында Балқаштағы жаңартылған нысандарды аралап, атқарылған жұмыстардың барысымен танысты.

– Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша облыста қайтарылған активтер есебінен маңызды әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылуда. Бұл қаражат халықтың өмір сапасына тікелей әсер ететін нысандарға – денсаулық сақтау саласына бастап, көлік инфрақұрылымына дейінгі бағыттарға жұмсалып жатыр, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Балқашта жүзеге асқан ірі жобаның бірі – көпбейінді аурухана нысаны жаңғырту. Бұл медициналық мекеме тек қала тұрғындарына ғана емес, Балқаш, Приозерск қалаларына, Саяқ кентіне, сондай-ақ, Шет және Ақтоғай аудандарының халқына қызмет көрсетеді. Жоба аясында ауруханаға жаңа қосым-



ша ғимарат салынып, жоспарлы және шұғыл түрде жатқызылатын науқастар үшін бөлек кіреберістері бар қабылдау бөлімі ашылды.

Медициналық ұйымның материалдық-техникалық базасы да едәуір нығайды. Мұнда жаңа операциялық бөлмелер жабдықталып, ангиограф, магниттік-резонанстық және компьютерлік томографтар, нейрохирургиялық микроскоп секілді заманауи медициналық

құралдар орнатылды. Бұл өз кезегінде тұрғындарға көрсетілетін диагностикалық және емдеу көмегінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Балалар денсаулығына бағытталған тағы бір маңызды жоба – 0-ден 18 жасқа дейінгі балаларға арналған оңалту орталығы. Мұнда күрделі жөндеу жұмыстары толық аяқталып, орталық заманауи медициналық жабдықтармен қамта-



масыз етілді. Қажетті құрал-жабдықтарды «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры жеткізген.

Орталықта сенсорлық және интерактивті бөлмелер, эрготерапия кабинеттері, гидромассаждық және иммерсиялық ванналар, тұз және шунгит шахталары ашылды. Жабдықтардың бір бөлігі Балқашта бұған дейін мүлде қолданылмаған. Мұнда балалар церебралды сал ауруына шалдыққан, тірек-қимыл аппаратының сырқаттары бар және неврологиялық бұзылыстары кездесетін балаларға оңалту көмегі көрсетіледі.

– Қазіргі таңда бізде мүмкіндігі шектеулі балаларды емдеуге арналған ең заманауи, жаңа әрі тиімді жабдықтар бар. Көптеген құрал-жабдықтар Балқашта бұрын-соңды болған емес. Штат құрамын толық жасақтап, Астанадан мамандар шақырдық. Жергілікті қызметкерлерді оқытып, олардың біліктілігін арттыру жұмыстары да жалғасуда, – деді Балқаш көпбейінді ауруханасының директоры Серікбол Түсіпбеков.

Қайтарылған активтер есебінен жаңа нысандардың қатарында Балқаш әуежайы да бар. Аукымды кейін әуежай қайта іске қосылып, биылғы 1 маусымнан бастап, Астана мен Алматыдан тұрақты рейстер қабылдай бастады. Бұл курорттық қаланың туристер мен өңір тұрғындары үшін қолжетімділігін арттыра түсті.

Соңғы екі жарым жыл ішінде әуеайлақ инфрақұрылымы толық жаңартылып, тізгіндеу жолы мен перрон жөндеуден өтті. Заманауи техника сатып алынды. Сонымен бірге, 1960 жылдары салынған аэровокзал ғимаратының тарихи келбеті сақталып қалды. Әуежай аумағында туристік ақпараттық орталық та ашылды.

Мемлекетке қайтарылған активтердің нақты әлеуметтік жобаларға бағытталуы Балқаштағы денсаулық сақтау, балаларды оңалту және көлік инфрақұрылымы салаларына тың серпін беріп отыр. Ең бастысы, бұл бастамалар тұрғындардың күнделікті өмір сапасын арттыруға қызмет етуде.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ТАҒАЙЫНДАУ

Басқармада – жаңа басшы

Баян Сейтбекқызы Нұртаева Қарағанды облысының Балалардың құқықтарын қорғау басқармасының басшысы болып тағайындалды. Тағайындау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің келісімімен жүзеге асты.



Сурет облыс әкімінің кабинетінде

Баян Нұртаеваның екі жоғары білімі бар. Ол Қарағанды педагогикалық институтын және Алматы экономика және статистика институтын тәмамдаған. Еңбек жолын 1991 жылы Қарағанды қаласындағы №10 орта мектепте информатика пәнінің мұғалімі болып бастаған.

Әр жылдары Қарағанды қалалық білім басқармасында тәрбие жұмысы жөніндегі бас маман болып еңбек етті. Сондай-ақ, қалалық білім бөлімінің әлеуметтендіру және тәрбие бөлімін басқарды.

2012-2020 жылдары Қарағанды қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы қызметін атқарды. Кейін Қарағанды қаласының

мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімін басқарды.

Былырда бері осы тағайындауға дейін Қазыбек би атындағы аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары болды.

Балалар құқығын қорғау – әлеуметтік саланың ең жауапты бағыттарының бірі. Сондықтан, жаңа басқарма басшысының бұған дейін білім, тәрбие, мәдениет және әлеуметтік мәселелер саласында жинаған тәжірибесі өңірдегі балалардың құқығын қорғау, отбасылық қолдау, көмекке толмағандардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ету бағытындағы жұмысты жүйелеуге мүмкіндік береді.

Дұрыс диагноз дауа дарытады



Заманауи медицинада емнің нәтижесі көбіне диагноздың дәлдігіне байланысты. Ауруды ерте анықтау, зертханалық талдаудың сапалы жасалуы және қорытындының дәрігерге уақытылы жетуі – науқас үшін де, емдеу мекемесі үшін де маңызды. Сол мақсатта бірнеше диагностикалық бағытты бір орталыққа тоғыстырған жаңа зертханалық кешен ашылды. Ашылу салтанатына облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қатысып, зертхананың жұмысымен танысты.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

«Олимп» зертханасының жаңа нысанында биохимиялық, иммунологиялық, жалпы клиникалық және өзге де зерттеулер жүргізіледі.

– Бұл кешенде зертханалық диагностиканың төрт бағыты біріктірілген. Атап айтқанда, мұнда клиникалық, микробиологиялық, санитариялық-эпидемиологиялық және генетикалық зерттеулер жүргізіледі. Алдағы уақытта ветеринариялық зерттеулер де енгізілмек. Бүгінде Қазақстанда мұндай деңгейдегі интеграцияның баламасы жоқ. Автоматтандырылған трек жүйесі адам фактордың ықпалын барынша азайтып, зерттеулердің жоғары дәлдігі мен жылдамдығын қамтамасыз етеді, ал, нәтижелер пациенттер мен дәрігерлерге жедел жеткізіледі. Әрбір модуль сағатына мыңнан астам тест орындауға қабілетті, бұл күту уақытын едәуір қысқартып, емдеу бойынша шешім қабылдау үдерісін жеделдетуге мүмкіндік береді, – деді «Олимп» клиникалық-диагностикалық зертханалар желісінің бас директоры Ерлан Сүлейменов.

Жаңа кешеннің басты ерекшелігінің бірі – автоматтандырылған трек жүйесі. Бұл зерттеу барысында адам фактордың ықпалын азайтып, талдау нәтижелерінің дәлдігі мен жылдамдығын арттыруға мүмкіндік береді. Әрбір модуль сағатына мыңнан астам тест орындауға қабілетті. Демек, пациенттің күту уақыты қысқарып, дәрігердің ем

тағайындау немесе қосымша тексеріс жүргізу жөніндегі шешімді жедел қабылдауына жағдай жасалады.

Кешенде ашылған жаңа бағыттардың бірі – микробиологиялық зертхана. Мұнда адамның биоматериалдарымен қатар, су, ауа, топырақ және азықтүлік өнімдеріне де зерттеу жүргізіледі. Бұл бағыт санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік үшін де маңызды. Себебі, қоршаған орта мен тағам сапасын зерттеу халық денсаулығына әсер ететін тәуекелдерді ерте анықтауға жол ашады.

Сонымен қатар, зертханада зерттеулерді зертханада арналған микологиялық зерттеулер, ауыр металдар мен микотоксиндердің құрамын анықтау бойынша талдаулар жасалады.

Молекулалық-генетикалық зерттеулер заманауи ПТР технологияларының көмегімен жүзеге асырылады. Зертхана мүмкіндіктерінің қатарында онкологиялық аурулардың жоғары қауіпмен байланысты адам папилломасы вирусын анықтауға арналған тестілеу және жасушалардағы ерте өзгерістерді анықтау зерттеулері бар. Бұл бағыт аурудың алдын алу мен ерте диагностикалау ісінде айрықша мәнге ие.

Қазіргі денсаулық сақтау жүйесінде сапалы зертханалық диагностика емдеу процесінің ажырамас бөлігіне айналды. Дәл әрі жедел талдау – дұрыс диагнозға, ал, дұрыс диагноз тиімді емге бастайтыны хақ.

Жағажай туризмінің тынысы ашылады

Балқаш қаласында туристік бағыттағы жаңа индустриялық аймақ құрылып жатыр. Жағалау аумағынан бөлінген 14 гектар жер телімі енді көл маңындағы туризмді жүйелі дамытуға қызмет етпек. Жобаның басты ерекшелігі – инвесторларға инженерлік инфрақұрылымды дайын жер учаскелерінің ұсынылуында.

Премьер-Министр Олжас Бектеновтің тапсырмасы бойынша жүзеге асып жатқан жоба елімізде алғаш рет қолға алынып отыр. Бұл формат кәсіпкерлерге нысан құрылысын жедел бастауға мүмкіндік береді. Яғни, қажетті коммуникациялар тартылып, инвесторлар дайын инфрақұрылымға қосыла алады.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Балқаш қаласына жасаған жұмыс сапары барысында жаңа индустриялық аймақтың жұмысымен танысты. Аймақ басшысына жағалаудағы туристік ин-



фрақұрылымды дамыту барысы баяндалды.

Бүгінде индустриялық аймақта алғашқы нысан жұмысын бастап үлгерді. Мұнда демалушыларға жыл он екі ай бойы демалуға

жағдай жасалған. Атап айтқанда, еуропалық үлгідегі барнаустар мен этноауыл стиліндегі киіз үйлерде тынығуға мүмкіндік бар. Бұл Балқаш туризмін тек жазғы маусыммен шектемей, жыл бойы жұмыс істейтін демалыс бағытына айналдыруға жол ашады.

– Индустриялық аймақ – мемлекет қолдауының арқасында бизнес үшін өте қолайлы формат. Біз Балқаштағы демалысты заманауи әрі жайлы ету үшін жергілікті билікпен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істеп жатырмыз. Мұндай ауқымды жобаны мемлекеттің қолдаусыз жүзеге асыру екіталай. Бұл аймақтың басты айырмашылығы – қажетті инженерлік желілердің бәрі алдын ала тартыл-

ды. Бұл да болса, кәсіпкерлер үшін уақыт пен шығынды үнемдеу үшін ұтымды шешім болады, – деді жобаны жүзеге асырып жатқан инвестор Жақсыкелді Иманбеков.

Қазіргі уақытта индустриялық туристік аймақты дамыту жұмыстары жалғасуда. Жағалауда тағы екі заманауи қонақүйдің құрылысы басталды. Бұл өз кезегінде Балқаштың туристік әлеуетін арттырып қана қоймай, қала экономикасына серпін беріп, жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал ететіні сөзсіз.

Өз тілшімізден

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Көкше теңізді ән тербеп...

Балқаштың жағалауында екі күн бойы туристер мен демалушылардың басын қосқан дәстүрлі «Balkhash Tour Fest» фестивалі көпке дейін елдің есінде қалуы тиіс. Биылғы фестиваль алғаш рет республикалық мәдени-туристік іс-шаралар күнтізбесіне енгізілген. Екі күндік фестивалге 75 мыңнан астам турист келді. Фестивальдің алғашқы күніне облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев арнайы қатысты.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Туристік климат тартымды

Фестиваль 19 маусым сағат 10:00-де басталды. Ақшағыл жағалау бұл уақытта спорт сүйер қауымға толып, түрлі турнирлердің алаңына айналды. Фестиваль бағдарламасы аясында Color Run (жарқын түстер марафоны), мас-рестлинг, жағажай волейболы және казак күресі бойынша жарыс ұйымдастырылды. Қатысушылар өзара мықтыны анықтаса, көрермендер спорттық тартыстың куәсі болды.

Алғашқы күні аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев шара өтетін аумақты аралап, туристермен, қала тұрғындарымен және қонақтармен жүздесті. Өңір басшысы мерекелік көңіл күйдегі жұртшылықпен еркін пікірлесіп, фестивальдің ұйымдастырылу барысымен танысты.

Балқаш – Қарағанды облысының ғана емес, еліміздің туристік картасындағы маңызды нысанның бірі. Сондықтан, жағалауды дамыту, туристерге қолайлы жағдай жасау және сервистік қызмет сапасын арттыру алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасады, – деді өңір басшысы.

Фестивальдің басты мақсаты – Балқаш қаласының туристік әлеуетін арттыру. Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаевтың айтуынша, жыл сайын жаңа идеялар ұсынылып, жобаның мазмұны байып келеді.

– Биыл балаларға арналған ойын алаңдары мен инновациялық демалыс аймақтары ашылды. Сонымен қатар, сауда орындарының саны өткен жылмен салыстырғанда 20 пайызға көбейді. Фестиваль өтетін аумақты абаттандыруға арнайы қаражат бөлінді. Соның нәтижесінде жаю жүргініштері жолы салынып, жарық шамдары орнатылды. Аумақ қоршалып, жаңа сахна бой көтерді. Ендігі мақсат – бұл орындар туристер тұрақты келетін танымал демалыс алаңына айналдыру, – деді Сапар Қайырқенұлы.

Іс-шараның ұйымдастырушысы Қайрат Мырзабаев биылғы «Balkhash Tour Fest» бұрынғы жылдармен салыстырғанда жаңа деңгейге көтерілгенін баса айтты.

– Биыл фестивальдің аумағы да, бағдарламасы да екі есеге ұлғайды. Бұл ретте жергілікті атқарушы органдар тарапынан көрсетілген қолдау айрықша. Биыл алғаш рет «Made in Balkhash» көрмесін ұйымдастырып отырмыз. Сонымен қатар, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың басшысымен экофорумдар өтуде, – деді Қайрат Мырзабаев.

Өңірдің туристік картасында Балқаш пен Қарқаралы негізгі бағыттың қатарында тұр. Сонымен қатар, Шет, Бұхар жырау, Нұра және Ақтоғай ауданы да туризм саласында жаңа мүмкіндіктерімен ерекшеленіп келеді. Фестиваль аясында облыстық туризм басқармасының басшысы Ирина Любарская өңірдегі туристік саланың дамуы мен фестивальдің маңызына тоқталды.

– Осыдан екі-үш жыл бұрын бұл аумақта қажетті инфрақұрылым жоқ еді. Ал, бүгінде фестиваль арқасында өңірге инвесторлар тартылып, бизнестің туризмге қызығушылығы артты. Содан да қысқа уақыт ішінде мұнда заманауи талаптарға сай үш ірі демалыс орталығы бой көтерді. Қазіргі таңда облыста туристік-рекреациялық аймақтарды дамытуға басымдық зор. Мемлекет инвесторлар үшін ең күрделі әрі шығынды саналатын инженерлік

инфрақұрылымды жүргізу міндетін өз мойнына алған. Осы тәсіл аясында Балқаш жағалауындағы туристік аймаққа 14 гектар, Қарқаралы өңіріндегі Бұғылы маңына 75 гектар жер бөлініп, қажетті инженерлік желілер тартылуда, – деді басқарма басшысы.

Бүгінде облыста бес жаңа туристік бағыт іске қосылды. Өңірдің индустриялық ерекшелігін ескере отырып, өндірістік туризмді дамытуға да ерекше көңіл бөлінуде. Енді саяхатшылар Приозерск қаласы мен Бектау ата өңірінің көркем табиғатын тамашалап, таныса алады.

Еріктілер ерледі

Қарағанды облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы Балқаш өңірінде үш күнге жоспарланған Халықаралық еріктілер форумын ұйымдастырды. Форумның басты тақырыбы ретінде экология таңдалған. Шараға Түркия, Үндістан, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзірбайжан, Түрікменстанмен қосқанда 17 елден арнайы делегация қатысты. Десе де, қатысушылардың басым бөлігін облыстық «Сарыарқа жастары» еріктілер қозғалысының мүшелері. Форум аясында жастар үшін білім беру алаңдары, тәжірибе алмасу кездесулері және экологиялық бағыттағы түрлі іс-шара ұйымдастырылған.

– Біріккен Ұлттар Ұйымы бекіткен тұрақты даму мақсаттарын еріктілерге түсіндіру және олардың қоғамдағы маңызын кеңінен насихаттау үшін арнайы интерактивті ойындар ұйымдастырылуда. Экологиялық жұмыстарға ерекше назар аударылып отыр. Атап айтқанда, «Мөлдір бұлақ» республикалық акциясы аясында Балқаш көлінің жағалауын тазалау жұмыстары жүргізіледі. Біз еріктілердің қатысуымен түрлі экологиялық бастамалар мен қоғамдық акцияларды тұрақты түрде өткізіп келеміз, – деді облыстық Жастар ресурстық орталығының директоры Аслан Қабеменов.

Форум бағдарламасындағы маңызды шаралардың бірі – «Мөлдір бұлақ» республикалық экологиялық акциясы. Фестивальдің екінші күні еріктілердің қатысуымен жағалауына шығып, тазалық жұмыстарын жүргізуден бастады.

Халықаралық форум шетелдік қатысушылар үшін де ерекше әсер қалдырды. Қырғыз Республикасынан келген делегация жетекшісі Нурдоулет Назмазбек бұл фестивальдің жаңа достық пен ынтымақтастықтың бастауына айналғанын атап өтті.

– Ең алдымен ұйымдастырушыларға алғысымды білдіргім келеді. Фестиваль өте жоғары деңгейде өтті. Біз Әзербайжан, Өзбекстан, Үндістан, Түрікменстан және басқа да елдерден келген жастармен танысып, тәжірибе алмастық. Қысқа уақыттың ішінде жақын араласып, достық қарым-қатынас орнаттық. Түрлі интерактивті ойындарға қатысып, мазмұнды уақыт өткіздік, – деді Нурдоулет Назмазбек.

Фестивальдің жабылу рәсімінде Қарағанды облысының Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Айсұлу Ерниязова шетелдік делегация өкілдеріне естелік сыйлықтар табыстап, халықаралық ынтымақтастықты дамытуға қосқан үлестері үшін ризашылығын білдірді.

Қауіпсіздік қатаң бақыланды

Фестивальге келген тұрғындар мен қала қонақтарының жайлы қатынасуы үшін ұйымдастырушылар арнайы тегін автобус бағыттарын



іске қосты. Қоғамдық көліктер екі күн бойы таңғы сағат 10:00-ден кешкі 23:00-ге дейін үздіксіз қызмет көрсетіп, мыңдаған адамның фестиваль алаңына кедергісіз жетуіне мүмкіндік жасады. Ауқымды шараның қауіпсіздігін қамтамасыз ету де ерекше назарда ұстады. Фестиваль кезінде 300-ден астам полиция қызметкері күшейтілген режимде жұмыс істеді. Тәртіп сақшылары тәулік бойы кезекшілік атқарып, қоғамдық тәртіптің сақталуын, жол қозғалысы қауіпсіздігін және судағы қауіпсіздік талаптарының орындалуын қатаң бақылауда ұстады.

– Фестиваль аумағында медицина қызметкерлері мен құтқару бөлімшелері де кезекшілік атқарып, кез келген төтенше жағдайға жедел әрекет етуге дайын болды. Қауіпсіздік шараларының жүйелі ұйымдастыруының нәтижесінде ешқандай оқиға тіркелген жоқ.

Фестиваль бағдарламасындағы ең әсерлі әрі көрнекі шаралардың бірі – алып батпырауықтар шоуы. Балқаш көлінің үстінде қалықтаған түрлі-түсті алып композициялар көрермендердің назарын бірден өзіне аударды.

Шоудың басты ерекшелігі – Балқаш көлінің бай экожүйесін көркем түрде бейнелеуде. Ұйымдастырушылар табиғаттың әсемдігін насихаттап, экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында су әлемінің тұрғындарын алып әуе композициялары арқылы көпшілікке ұсынды.

Биылғы фестивальдің ерекше қонақтарының бірі – қазақстандық күш атасы атанып кеткен танымал рекордсмен, стронгмен әрі бірнеше халықаралық рекордтың иегері Сергей Цырульников. Спортшы фестиваль сахнасында арнайы шоу-бағдарлама ұсынып, өзінің ерекше физикалық мүмкіндіктерін көпшілік назарына паш етті.

– «Balkhash Tour Fest» – тарихи маңызы мен мазмұны терең, өзіндік ерекшелігі бар ерекше фестиваль.

Қазақстанда мұндай жобаларды жиі өткізу қажет деп есептеймін. Бұл – адамдардың бас қосып, жаңа байланыстар орнатып, тәжірибе алмасуына, табиғатпен үйлесім тауып, Балқаш өңірінің туристік әлеуетін танып-білуге мүмкіндік беретін тамаша алаң. Мұнда сапалы және жақсы демалыс үшін барлық жағдай жасалған, – деді Сергей Цырульников.

Көкше көлдің жағасында кешкі уақытта фестивальдің ресми ашылу салтанаты өтті. Күн ұясына қонып, кел жағалауын кешкі самал тербеген шақта мыңдаған көрермен фестивальдің басты сахнасына жиналды. Әсем музыка мен жарқын безендірілген алаң мерекелік көңіл күй сыйлап, Балқаш аспаны ән мен думанға бөленді. Салтанатты шара барысында Лондон Олимпиадасының чемпионы, Вел Баркер кубогының иегері Серік Сәпиев сахнаға көтеріліп, армрестлинг пен гир спортынан үздік нәтиже көрсеткен спортшыларды марапаттады. Жеміпаздарға арнайы сыйлықтар табыстап, спортшыларға сәттілік тіледі.

Одан кейін фестивальдің концерттік бағдарламасы басталып, сахна тәрінде танымал өнер жұлдыздары өнер көрсетті. Алайда, мерекелік кештің ең әсерлі сәті концерттен кейін басталды. Балқаш аспанына бір мезетте 500 дрон көтерілді. Фестиваль тарихындағы алғашқы ауқымды дрон-шоу көрермен назарына ұсынылды. Заманауи технологияның көмегімен көк жүзінде Балқаш көлінің бейнесі, ұлттық нақыштағы өрнектер мен түрлі композициялар салынды. Түрлі-түске боялған жарық шоулары көл жағалауына жиналған жұртшылықты таңғалдырып, фестивальдің алғашқы күнін әсерлі нотамен қорытындылады.

Жаңа жоба қолдаусыз қалмайды

Балқашта 2024 жылдың тамыз айынан бастап «Kounrad» корпо-

ративтік қоры бастамасымен және Орталық Азияның Еуразия қоры (FECA) қолдауымен «Balkhash STEAM Serpini» жобасы жүзеге асырылып келеді. Жоба аясында осы жылдың ақпан айында «Science Day» атты фестиваль ұйымдастырылып, оған Балқаш қаласындағы барлық мектептердің командалары қатысқан. Оқушылар өздерінің инновациялық жобаларын таныстырып, ғылыми идеяларын көпшілік назарына ұсынды. Байқау нәтижесінде үздік деп танылған бес жобаға жалпы көлемі 1,5 млн теңге көлемінде грант берілген.

Бүгінде грант иегері атанған жобалар қаржыландырылып, кезек-кезеңмен жүзеге асырылуда. Ал, алғашқы нәтижелері алдағы тамыз айында қорытындыланып, тиімділігі жан-жақты бағаланбақ. Қазіргі таңда аталған бастамалар «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында өтіп жатқан «Balkhash Tour Fest» фестивалінде көпшілік назарына ұсынылуда.

Жобаның үйлестірушісі Ерсултан Амантай бұл бастаманың оқушылардың зерттеушілік және инженерлік қабілеттерін дамытуға бағытталған игі бастамалардың бірі екенін атап өтті.

– Егер жобалардың нәтижесі күткен деңгейден көрінсе, әр мектеп өз бастамасын тұрақты түрде жүзеге асыратын болады. Тіпті, кейбір білім ордалары өз тәжірибесін өзге



белік сынақтан өткізілді. Ал, екінші жылы да бұл жұмыстар жалғасып, жаңа бастамаларға қолдау көрсетіледі. Осы мақсатта жобаға 64 млн теңгеден астам қаржы бөлінді, – деді Ерсултан Беркінулы.

86 келі қазы бургер Қазақстан рекордын жаңартты

Фестивальдің екінші күні Балқаш жағалауында өткен ауқымды шара Қазақстанда бұрын-соңды тіркелмеген жаңа рекордпен есте қалды. Көпшілік назарына ұсынылған алып қазы бургер ресми түрде Қазақстан рекордтар кітабына енгізілді. Салмағы 86 келі 400 грамм болатын рекордтық тағам жергілікті кәсіпкерлердің бірлескен бастамасымен әзірленген. Бұл ерекше жаны Балқаш қаласындағы «Baurdaq» мейрамханалар желісі, «Балқаш нан» ЖШС және «Махи Чай» компаниялары бірлесіп жүзеге асырыпты. Рекордты тіркеу рәсіміне Қазақстан рекордтар кітабының ресми өкілі Бақытжан Тастүлеков қатысып, алып қазы бургердің жаңа ұлттық жетістік ретінде ресми бекітілгенін жариялады.

– Былтыр Шымкент қаласында өткен «RestFest» фестивалінде салмағы 67 келі болатын бургер дайындалған еді. Ал, бүгін Балқашта әзірленген қазы бургер ол нәтижені едәуір жаңартып отыр. Рекордтық тағамның техникалық сипаттамалары да ерекше: диаметрі – 88 сантиметр, биіктігі – 39 сантиметр. Осылайша жаңа ұлттық рекорд тіркелді. Құттықтаймын, – деді ол.

Балқаштағы «Baurdaq» филиалының директоры Аян Нұрбеков бұл жетістікке екі айға жуық уақыт дайындық жүргізілгенін атап өтті.

– Рекордтық тағамды әзірлеу үшін 20 келі сиыр еті, 20 келі тауық еті, 15 келі қазы, сондай-ақ, көкөністер мен арнайы тұздықтар пайдаланылған. Бұл – тек біздің емес, серіктестеріміздің де ортақ еңбегі, – деді ол.

Кешкілікте сахна төріне алдымен «UNO Band» пен «QazaqBand» тобы шығып, көрер-



менге көтеріңкі көңіл күй сыйлаған әннен шашу шашты. Одан кейін сахнаға эстрада жұлдызы Ауаи мен Bellucci тобы көтеріліп, Балқаш аспанын әсем әуенге бөледі. Танымал әншілердің орындауындағы шығармалар түнгі көл жағалауының ерекше атмосферасымен үйлесіп, фестиваль қонақтарына ұмытылмас әсер қалдырды. Әрі кеш соны мерекелік отпашуға ұласты.

Суреттерді түсірген **Жангелді ӘБДИГАЛЫМ**



Халық сенімі – басты өлшем



(Соңы. Басы 1-бет)

Өтініш несінің айтуынша, бір жылдан астам уақыт бойы шешімін таппай келген іс тәжірибелі тергеушінің кәсібилігі мен жауапкершілігінің арқасында оң нәтижеге қол жеткізген. Автор өз хатында тергеушінің істің мән-жайын мұқият зерттеп, жедел әрі сауатты шешім қабылдағанын атап өткен. Сонымен қатар, полиция бөлімінің ұжымдық жұмысы мен басшылықтың қызметті тиімді ұйымдастыруына ризашылығын білдірген. Мұндай пікірлер құқық қорғау органдары жұмысының басты көрсеткіші статистика ғана емес, азаматтардың сенімі мен ризашылығы екенін айқын аңғартады.

Шағымға жедел үн қату да учаскелік инспектордың рөлі. «Жұртқа жақын полиция» қағидаты аясында учаскелік инспекторлардың мәртебесі көтеріліп, олардың материалдық-техникалық базасы айтарлықтай нығайтылды. Ендігі кезекте учаскелік полиция – өз аумағындағы әр тұрғынның мәселесін білетін, отбасылық-тұрмыстық жанжалдардың алдын алатын, тұрғындардың сенімді өкіліне айналды. Оның жұмысының басты бағасы – сол аумақта тұратын халықтың тыныштығы.

Тәртіп сақшыларының жаппай бейнежетондармен қамтылуы да қызметтік міндетті атқару барысындағы шикіліктер мен жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтты. Көшелердегі «Сергек» жүйесі мен бейнебақылау камералары жедел басқару ор-



талықтарымен интеграцияланып, адам факторын шектеді. Бұл жүйе заңның алдында шеніне де, шекпеніне де қарамастан бөрінің тең екенін іс жүзінде дәлелдеп отыр.

Бүгінгі полиция қызметкері заң білетін маман ғана емес, ол – психолог, мәдениетті, азаматтармен сыпайы сөйлесе алатын, қиын сәтте сабырлық пен батылдық танытатын жаңа буын өкілі.

Дегенмен, полиция қызметкерлері де ет пен сүйектен жаратылған адам екенін ұмытпаған жөн. Тәулік бойы қызмет атқарып, түрлі тағдырлармен бетпе-бет келіп, күрделі шешімдер қабылдайды. Қоғам полициядан әділдік пен кәсібилікті талап етсе, полиция да азаматтардың түсіністігі мен сеніміне мұқтаж. Өйткені, құқық қорғау саласын-

дағы ең маңызды нәтиже – халық пен полицияның өзара құрметі мен сеніміне негізделген серіктестік.

Бұқар жырау ауданы полиция басқармасы тергеу бөлімі бастығының орынбасары, полиция капитаны Сұлтан Сағынтаев полиция өмірі көркем фильмдерден еш айырмашылығы жоқтығын айтады.

– Тергеушінің бойындағы ең басты үш қасиет – табандылық, адалдық және болған оқиғаны дұрыс бағалай білу. Өзің тергеген істе атық және әділ шешім қабылдау – жұмысымың басты қағидаты. Ал, ауыр жұмыс күнінен кейін үйге келгенде алдыңнан жүгіріп шығып, қуана қарсы алған балаларың мен жарыңды көру барлық шаршағанды ұмыттырады, – дейді ол.

Расында да, отбасы жылуы мен қоғамның қолдауы – әрбір тәртіп сақшысына кәсіби міндетін мінсіз атқаруға күш-қуат беретін басты қозғаушы күш. Алайда, заң мен тәртіптің салтанат құруы тек полицияның ғана емес, ең алдымен, әрбір азаматтың құқықтық санасына тікелей байланысты. Қоғамда «мүлдем төзбеушілік» мәдениеті қалыптаспайынша, құқық бұзушылықтың алдын алу мүмкін емес. Көшеге қысық тастамаудан бастап, заң талаптарын қатаң сақтауға дейінгі қарапайым әдеттер – полиция жұмысына деген ең үлкен көмек әрі құрмет белгісі.

Бүгінгі таңда құқықтық мәдениетті бала кезден, мектеп қабырғасынан бастап қалыптастырудың маңызы зор. Уақыт талабына сай, полиция қызметкерлерінің білім беру ошақтарында жиі болып, жасөспірімдермен ашық сұхбат құруы, құқық пен міндет ұғымдарын түсіндіруі – болашақ саналы қоғамның іргетасын қалап жатыр. Жастар тәртіп сақшысын жазалаушы ретінде емес, қиын сәтте қорған болатын сенімді дос ретінде қабылдағанды ғана «Жұртқа жақын полиция» тұжырымдамасы өз жемісін толық береді.

Сонымен қатар, қазіргі жаһандану дәуірі мен киберқылмыстың белең алуы полиция қызметінен жаңа дағдыларды, жоғары технологиялық сауаттылықты талап етуде. Бүгінгі сақшы тек көше тәртібін күзетіп қана қоймай, виртуалды кеңістіктегі алаяқтықпен күресуге де қауқарлы болуы тиіс. Бұл бағытта құқық қорғау органдарының үздіксіз ізденісі мен заманауи технологияларды игеруі – халықтың қауіпсіздігін заман ағымына сай жан-жақты қорғаудың кепілі болып отыр.

Полиция мен халық арасындағы ашықтық, өзара сенім мен сыйластық орныққан жерде ғана қауіпсіз қоғам қалыптасады. Ендеше, ел тыныштығын күзеткен тәртіп сақшыларының кәсібилігі артса, бұқараның да құқықтық жауапкершілігі биік болуы шарт. Өйткені, Мемлекет басшысы атап өткендей, полицияның ең басты және ең әділ бағасы – халықтың мүлтіксіз сенімі.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДИГАЛЫМ

• АНТҚА АДАЛДЫҚ

Әке жолын жалғаған

Кей адамдар мамандықты таңдайды, ал, кейбірінің тағдырын мамандықтың өзі таңдайтын секілді. Қарағанды облыстық полиция департаменті Тергеу басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға тергеушісі полиция майоры Айгерім Аманжолқызының өмір жолы соның айқын дәлелі.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бала күнінде жұмыстан оралған әкесінің формасын қызыға қарап өскен қыздың бүгін өзі де құқық қорғау саласында абыройлы қызмет атқарып жүргеніне он алты жылдан асты. Тергеушілік оның өміріндегі кездейсоқ таңдау емес, жүрек қалауына айналған мамандық.

Айгерімнің әкесі Аманжол Ахмедияұлы ұзақ жылдар бойы Шет ауданында тергеу саласында басшылық қызмет атқарған. Қызы үшін ол тек әке ғана емес, кәсіби өмірдегі алғашқы ұстазы болды. Әкесінің жауапкершілігі мен әділдігі, адамгершілікті бөрінен жоғары қоя білетін қасиеті оның болашақ мамандықты таңдауына әсер етті.

– Өлі күнге дейін әкемнің айтқан ақылдары маған бағыт береді. «Бір қателікті екі рет қайталама» деген сөзін жиі есіме аламын, – дейді ол. Бүгінде Қарағанды облысының тергеу бөлімшелерінде жүзделген қызметкер еңбек етеді. Солардың қатарындағы тәжірибелі маманның әр күні жаңа міндеттен басталады. Тергеуші жұмысы сырт көзге тек құжатпен жұмыс істеу сияқты көрінгенімен, оның артында талай тағдыр, жауапкершілік жатыр. Дәлелдерді зерттеу, адамдармен сөйлесу, сараптама тағайындау, кейде ақиқатты табу үшін ұзақ іссапарларға шығу – күнделікті жұмыстың бір бөлігі.

Қазіргі таңда тергеу саласы да заман ағымына сай жаңарып келеді. Айгерім Аманжолқызы жаңа технологияларды енгізуге атсалысып жүрген мамандардың бірі. Оның айтуынша, цифрландыру тергеу жұмысының ашықтығы мен тиімділігін арттырған.

Қарағанды облысында пилоттық жоба ретінде іске қосылған «е-Айғақ зат» жүйесі бүгінде республика өңірлеріне таралып келеді. Бұл жүйе арқылы айғақ заттардың сақталуы электронды түрде бақыланады. Ал, электронды білезік жүйесі ұямақтағы күдіктілердің қозғалысын қашықтан бақылауға мүмкіндік береді. Алайда, технология қанша дамығанымен, тергеуші қызметіндегі ең маңызды нәрсе – адам тағдырына жауапкершілікпен қарау. Күн сайын түрлі оқиғалар мен күрделі істердің ортасында жүретін маман үшін эмоцияға берілмеу оңай емес. Әсіресе, әйелдер мен балаларға қатысты істер ерекше сезімталдықты талап етеді. Осындай сәттерде әйел адамның сабыры мен жанашырлығы көп көмектеседі.

Тергеушінің жадында сақталып қалған оқиғалар аз емес. Соның бірі – бірнеше жасөспірімге қаты-



сты күрделі қылмыстық іс. Ата-аналардың көз жасы мен күйзелісі, әділ шешім күтетін тағдырлар оның есінде әлі күнге дейін сақталған. Мұндай жағдайда әкесінің «эмоция емес, заң сөйлейді» деген сөзі күш береді. Қызметте талапшыл әрі салмақты көрінетін Айгерім үйге келгенде ең алдымен ана. Жұмыстың ауырлығы мен жауапкершілігі балалардың «мама келді» деп қарсы алған сәтінде ұмыт қалады.

«Кейде ауыр күннен кейінгі ең жақсы демалыс –

балаларымның күлкісі», – дейді ол.

Тергеушінің өміріндегі басты тірек – отбасы. Жолдасының қолдауы мен жақындарының түсіністігі қызмет пен отбасы арасындағы тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді.

2022 жылы Айгерім Аманжолқызы тергеу қызметінен уақытша кетіп, университетте аға оқытушы болып жұмыс істеді. Болашақ зангерлерге тәжірибелік сабақ өткізіп, кәсіби білімін бөлісті. Бірақ уақыт өте келе, жүрегі қайтадан тергеу қызметіне тартты.

«Сол кезде тергеушілік менің өмірлік таңдауым екенін анық түсіндім», – дейді ол. Егер оның тергеген істерінің бәрі бір кітапқа айналса, оған «Тергеушінің мәртебесі» деген атау берілер еді. Өйткені, оның түсінігіндегі тергеушінің басты қаруы – қызметтік шені емес, кәсібилігі мен адамдардың сенімі.

Айгерім Аманжолқызы үшін жұмыстың ең үлкен нәтижесі – әділ аяқталған іс, қорғалған құқық және заңға деңгей сенімнің сақталуы. Ал, кейде бір ауыз алғыс сөздің өзі барлық еңбектің өтеуі секілді әсер қалдырады. Бүгінде бала күнгі арманына адал болып қалған аға тергеуші талай жас маманға үлгі. Әкесінен алған тәрбие мен өмірлік ұстанымды өз қызметінде жалғастырып келе жатқан заң адамы үшін қандай жағдай болса да адамгершіліктен айнымау өзгермеген басты құндылық. Өйткені, заңның күші әділдікте болса, тергеушінің күші – адалдықта.


Суреттерді түсірген
Лаура АМАНТА



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Қырағы көз, батыл жүрек

Абай ауданында қазірде көші-қон мәселесі ретке келген. Бұл мәселемен Топар полиция бөлімінің көші-қон қызметі тобы айналысып, Топар секторының қызмет аймағына ауданның 30 мыңнан аса халық тұратын барлық ауылдық және кенттік округтері кіреді.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Аталған сектордың көші-қон қызметі тобының жұмысын 2015 жылдан бастап, аға инспектор, полиция майоры Данияр Такиров жүргізіп келеді, – дейді Топар полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Дархан Мадин, – Әзірге оның осы уақытқа дейінгі қызметіне қор қинамай жок. Ол алдына келген адамдардың мәселелерін оң шешіп, көші-қон заңдылығын қатты қадағалап, басқа да қоғамдық шараларға белсене қатысатын тәжірибелі қызметкеріміз.

Даниярдың Топар полициясында қызметін бастағанына да биыл 14 жыл болады екен. Қарағандыдағы «Болашақ» университетінің саясаттану, одан кейін заң факультеттерін бітірген жас маман әуелде осы Топар, сосын Южный кенттері учаскелік инспекторының көмекшісі болып істеп, міне, 11 жылдан бері осы көші-қон қызметі тобын басқаруда. Тек осыдан екі ай бұрын ғана оған көмекшілікке лейтенант Нариман Қайрат тағайындалыпты.

Өздеріңізге мәлім, Қазақстан егемендігін алған 1991 жылдан біздің елімізге алыс-жақын шетелдерден қоныс аударушылар, соның ішінде, қандастарымыз көптеп келе бастаған. Оларды орналастырып, жағдайларын жасау, тәртіп бұзбай, заң талаптарын сақтауы, Қазақстан азаматтығын алуы сияқты мәселелердің бәрі бірден шешімін таппай, оларды сан зуре-сарсаңға салған. Сол сәтте оларға Топар кенті полиция бөлімінің көші-қон тобы да көмекке келіп, біраз шаруаның беті қайырылған. Соның арқасында Абай ауданы көлемінде көші-қон мәселесі бір арнаға түсіп, ретке келген деуге болады.

– Біздің көші-қон қызметі тобының жұмысы «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңын, Президентіміздің «Шетелдік азаматтардың құқықтық жағдайы туралы» Жарлығын, Үкіметіміздің «Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарды құжаттау мен тіркеу Ережелерін бекіту туралы» Қаулысын жүзеге асыруға және мемлекеттік қызмет көрсетуге бағытталған, – дейді Топар полиция бөлімі көші-қон қызметі Топар секторының аға инспекторы, полиция майоры Данияр Такиров.

Оның айтуынша, бүгінде Топар секторы аумағында 179 шетел азаматы мен азаматтығы жоқ 16 адам тұрақты тұрып жатқан көрінеді.

Биылғы өткен 5 айда осы көші-қон қызметі тобының қызметкерлері мемлекеттік қызметтің мына бірнеше түрін көрсеткен.

Осында келген барлық шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар белгіленген үлгідегі журналға тіркеліп, олардың мәліметтері компьютер базасына енгізіледі. Қазақстан Республикасы аумағында тұрудың ережелерін бұзғандық жол берген шетелдік азаматтарды анықтау шаралары жүргізілуде.

Әкімшілік өндіріс тәртібімен 5 шетелдік азамат, соның ішінде, Тәжікстан Республикасының 1 азаматы еліміз аумағынан шығарылған.

2026 жылдың өткен 5 айында 129 әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, соған байланысты салынған 2411189 теңге айыппұл толықтай өндіріліп алынған.

Енді көші-қон қызметі Топар секторының қызметкерлері көші-қон заңдылығын бұзғандық жол бермеу мақсатында әлеуметтік-саяси ахуалы тұрақсыз елдерден келетін заңсыз қоныс аударушылардың жолын кесіп, әкімшілік аумақтарда орналасқан до-нерлер, кемпингтерді тексеріп, «Қызылорда-Павлодар» бағытындағы автобустарға рейдтер жасап, облыстық Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті қызметкерлерімен бірлескен түрде жазасын өтеу орындарынан босаған шетел азаматтарын ел аумағын шығаруды да қолға алуда.

Абай ауданы

Суретті түсірген автор

• ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Сот тарабына жүгінсеңіз

Сот бұйрығы өндіріп алушының ақшалай сомаларды өндіріп алу немесе борышкерді және өндіріп алушыны олардың түсіндірмелерін тыңдау үшін шақырмай-ақ және сотта істі қарамай-ақ, даусыз талпаптар бойынша борышкерден мүлкті талап ету туралы арызы бойынша шығарылған судьяның актісі болып табылады. Сот бұйрығының мазмұны ҚР АДЖК-нің 146-бабымен белгіленеді. Сот бұйрығының атқарушылық құжат күші болады. Ол бойынша өндіріп алу бұйрық берілгеннен кейін және сот шешімдерін атқару үшін белгіленген тәртіпте жүргізіледі (ҚР АДЖК-нің 139-бабы).

Отырыстың өткізілетін орны мен уақыты тиісті түрде хабарланған, келмей қалуының дәлелді себептерін хабарламаған және істі өзі жоқта қарауды сұрамаған жауапкер сот отырысына келмей қалған жағдайда, іс бойынша сырттай шешім шығарылуы мүмкін. Сот істің қаралуы туралы ұйғарым шығарады (ҚР АДЖК-нің 24-тарауы)

Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасында үкімнің көшірмесі сотталушыға немесе айыпталушыға, қорғаушы мен айыптаушыға, жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге және олардың өкілдеріне бес тәуліктен кешіктірмей табыс етілуі тиіс. Барлық жағдайларда сот қаулыларының көшірмелерін қайтадан беру тек мемлекеттік баж салығы төлеген жағдайда ғана мүмкін (ҚР ҚДЖК-нің 386-бабы). Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкес, іске қатысушы тараптар мен басқа адамдарға, сот отырысына келмегендерге түпкілікті нысандағы шешім шығарылған күннен бастап, бес күннен кешіктірмей шешімнің көшірмелері жолданды немесе беріледі (ҚР АДЖК-нің 254-бабы).

Жоғалған атқару ісін жүргізуді қалпына келтіру туралы өтініш атқарылатын жеріндегі сотқа беріледі. Өтініште: өтініш иесі нақ қандай іс жүргізуді қалпына келтіруді өтінетіні, мәні бойынша соттың шешім қабылдағаны немесе іс бойынша іс жүргізудің қысқартылғаны, онда өтініш иесінің іс жүргізуде қандай жағдайда болғаны, олардың орналасқан немесе тұратын жері, өтініш берушіге жоғалған іс жүргізудің мән-жайларынан ненің белгілі екені туралы, іс жүргізу құжаттары көшірмелерінің немесе ол туралы мәліметтердің жатқан жері, нақты қандай құжаттарды өтініш беруші қалпына келтіруді қажет деп есептейтіні, оларды қалпына келтіру қандай мақсат үшін қажет екені көрсетілуі тиіс. Өтінішке сақталып қалған және іске қатысты бар құжаттар немесе олардың көшірмелері тіркеледі. Жоғалған істі қалпына келтіру туралы өтініште мемлекеттік баж салығы төленбейді (ҚР АДЖК-нің IV тарауы).

Басты сот талқылауының хаттамасына қол қойылғаннан кейін тараптар, сондай-ақ, басты сот талқылауында жауап алынған тұлғалар сот отырысының хаттамасымен танысу туралы тілек білдіруге құқылы. Тараптар, сондай-ақ, басты сот талқылауында жауап алынған тұлғалар басты сот талқылауының хаттамасына қол қойылғаннан кейін бес тәуліктің ішінде хаттамаға ескертпелер беруге құқылы. Аталған мерзімді іс бойынша төрағалық етуші тараптардың өтініші бойынша он тәулікке дейін ұзартуы мүмкін (ҚР ҚДЖК-нің 328-бабы).

Анықтамалық Қарағанды облыстық соты баспасөз өкілдерімен бірлесіп даярланды

• 24 МАУСЫМ – СУДЬЯ ЖӘНЕ СОТ ЖҰМЫСКЕРІ КҮНІ

Ерден ӘРШОВ:

«Әділ сот төрелігі – өмірлік таңдауымыз!»

Биыл Қарағанды облыстық соты өзінің 90 жылдық мерейтойын атап өтуде. Тоғыз онжылдық – қуғын-сүргін мен ақтауды кезеңдерін, кеңестік дәуір мен тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуын, алғашқы реформалар мен ХХІ ғасырдағы батыл цифрлық өзгерістерді қамтитын біртұтас тарих. Мерейтой қарсаңында біз Қарағанды облыстық сотының төрағасы Ерден Рауанұлы Әріповпен сұхбаттасып, сот жүйесінің өткені, бүгіні мен болашағы туралы әңгімелестік...

– Ерден Рауанұлы, тоқсан жыл – айтулы белес. Бұл санды өзіңіз қалай қабылдайсыз?

– Бұл әрі мақтанштың, әрі жауапкершіліктің айшықты белгісі. Қарағанды облыстық сотының тоқсан жылдық жолына көз жүгірткенде, бай тарихымызға мақтанамыз. Сонымен қатар, өзіміздің де осы қызметті атқарған талай буынның бірі ғана екенімізді жете түсініп, үлкен жауапкершілікті қоса сезінеміз. Бізден бұрын әлдеқайда күрделі жағдайда еңбек еткен, тіпті, сол жолда есіл өмірін қиған азаматтар болды. Бұл бізге үлкен міндет жүктейді.

– Торқалы тоқсан жылдық қарсаңында үлкен айтулы оқиғаның бірі деп жарыққа шығар арнаулы энциклопедияның тілге тиік етіп өтсек. Энциклопедияда сот тарихының қайғылы кезеңдері де еш бүкпесіз ашық айшықталған. Бұл саналы шешім болды ма?

– Әрине. Өз тарихына адал қарай алмайтын ешбір институт бүгінгі күні қоғамның сеніміне ие бола алмайды. Ұлы террор жылдары алғашқы төрағаларымыздың қатарындағы Қожамұратов, Тынышбаев секілді тұлғалар қуғын-сүргінге ұшырап, аталды. Кейін ақталды. Олардың есімдері кітапта міндетті түрде болуы керек. Өйткені, бұл – құқық саясатының ықпалына түскен кезде қандай салдар болатынын еске салатын маңызды дәріс. Сот тарихын билер дәуірінен өрбітеміз. Бір сөзбен айтсақ, бұл – тарихи сабақтастық. Қазақ халқы кеңестік кезге дейін-ақ дамыған құқықтық мәдениетке ие бола білді. Билер институты жариялыққа, әділдікке және беделге негізделген ерекше сот жүйесі. «Даудың түбі – біту» деген асыл қағида бүгінгі медиация мен татуластыру рәсімдерінің негізімен үндеседі. Сондықтан, билер сотын біздің құқықтық

мұрамыздың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру заңды. «Сот тарихындағы ең маңызды кезеңдер қайсы?» дегенімізде, біріншісі – сталиндік кезеңнен кейінгі жылымық кезеңі. Сол кезде соттардың дербестігі біршама артты. Екіншісі – 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы. Ол құқықтық жүйе үшін үлкен сынақ болды. Үшіншісі – 1991 жылғы Тәуелсіздік. Жаңа құқықтық жүйені іс жүзінде нәтижеге асыра, құруға тура келді. Жаңа Конституция, жаңа кодекстер, жаңа қағидағар енгізілді. Бұл сот жүйесі үшін үлкен кәсіби әрі интеллектуалдық сынақ болды.

– Қарағанды облысы – өнеркәсібі дамыған, ерекше өңір. Бұл сот жұмысына қалай әсер етеді?

– Әрине, әсер етеді. Біздің облыста шахтерлер де, металлургртер де, аграрлық сала өкілдері де бар. Қалалар мен ауылдардың өмір салты әр түрлі. Сондықтан, судья тек заңды ғана емес, адамдардың өмірін де, әлеуметтік жағдайын да түсіне алуы тиіс. Мен әріптестеріме үнемі айтып отырамын: судьяға заңды білу жеткіліксіз. Судья істің артында тұрған адам тағдырын, әлеуметтік жағдайды, қатынастарды түсінуі керек. Қарағанды облысында күрделі өндірістік және еңбек даулары көп. Бұл біздің сот мектебінің кәсіби деңгейін қалыптастырды. Енді соңғы жылдардағы реформалардың ең маңызды нәтижелеріне де тоқталып өтелік. Ең бастысы – әділ сотқа қолжетімділіктің артуы. Егер азамат сотқа жетуге физикалық, қаржылық немесе психологиялық тұрғыдан киналса, онда бұл толыққанды әділ сот емес. Цифрландыру жағдайды түбегейлі өзгертті. Бүгінде азаматтар сот отырыстарына қаықтан қатыса алады. Бұл жай ғана ыңғайлылық емес, әділ сотқа қолжетімділіктің жаңа дең-



гейі. Қазір талап арыздар онлайн беріледі. Іс материалдары электрондық форматта сақталады. Сот актілері ашық жарияланады. Бұл тек жөнекей автоматтандыру емес, ашықтықты қамтамасыз ету құралы. Азаматтар сот шешімдерімен еркін таныса алады. Бұл өз кезегінде сот мәдениетін жаңа деңгейге көтереді. Сонымен қатар, сот тәжірибесін талдау үшін жасанды интеллект элементтері енгізілуде. Оның мақсаты – заңды қолданудың бірізділігін қамтамасыз ету.

– 2021 жылғы әкімшілік әділет реформасының маңызы неде?

– Реформа ең алдымен, өзкәрасты өзгертті. Бұрын азамат мемлекеттік органмен дауласып сотқа жүгінгенде әлсіз тарап болатын. Өйткені, дәлелдеу міндеті негізінен азаматтың өзіне жүктелетін. Қазір мемлекеттік орган өз әрекетінің заңдылығын дәлелдеуі тиіс. Бұл өте маңызды өзгеріс. Нәтижесінде азаматтардың әкімшілік даулар бойынша жеңу көрсеткіші бірнеше есе артты. Бұл мемлекеттің нашар жұмыс істей бастағаны емес, азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерінің күшейгенін көрсетеді. Ұмытпаған абзал. Сенім – соттың басты капиталы. Жасалатын жұмыс әлі де көп. Бірақ өзгерістер бар. Мұны нақты көрсеткіштерден көруге болады. Дегенмен сенім – бір рет қалыптасып, мәңгі сақталатын құндылық емес. Ол әрбір сот шешімімен, әрбір қа-

былдаумен, әрбір азаматпен қарым-қатынаста қайта дәлелденуі керек. Селкеусіз сенімді әділетсіз шешім, дөрекілік, созбаландық пен жабықтық бір сәтте жоқ алады. Сондықтан, біз азаматтардың өтініштері мен шағымдарын тұрақты түрде талдап, проблемаларды дер шағында анықтап отыруға ынталымыз. Сотқа деген сенімді не көбірек әлсіретеді? Ең қауіптісі – белгісіздік. Егер адамдар ұқсас істердің әртүрлі шешілетінін көрсе немесе сот шешімінің қисынын түсінбесе, сенім демде жоғалады. Сондықтан, сот актілерінің сапалы уәжделуі аса маңызды. Судья тек заң нормасын көрсетіп қана қоймай, неге дәл осындай қорытындыға келгенін де түсіндіруі тиіс.

– Судья тәуелсіздігі бүгінде қаншалықты шынайы құбылыс?

– Тәуелсіздік – үнемі ұмтылатын құндылық. Қазіргі таңда судьяларды іріктеу жүйесі, біліктілік емтихандары мен тағайындау рәсімдері әлдеқайда ашық. Алайда, қысым мүлдем жоқ деп айтуға болмайды. Кейде ол ашық, кейде жанама түрде көрінеді. Мұндай жағдайда бәрі судьяның жеке ұстанымына байланысты. Өйткені, тәуелсіздік – тек заң мен жүйе ғана емес, әрбір судьяның ішкі қағидасы. Әділ соттың тірегі – адамдар. Қазіргі заманғы судья қандай болуы керек? Заңды жақсы білуі тиіс. Бірақ, бұл жеткіліксіз. Судья адамдарды тыңдай және түсіне білуі қажет. Қарыз

өндіру туралы істің артында отбасылық қиындық тұруы қадік. Еңбек дауының артында адамның қадір-қасиеті тұруы мүмкін. Сонымен қатар, шешім қабылдағанда эмоциядан жоғары тұра білуі керек. Судья мамандығының ерекшелігі де осында. Қазір бұл мамандыққа қызығушылық артып келеді. Судья болуға үміткерлердің кәсіби деңгейі жоғарылауда. Қарағанды облысында судьяларға түсетін жүктеме республикадағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі. Сондықтан қадірлік мәселелер мен жүктемені оңтайландыру маңызды міндет болып қала береді.

– Қарағанды облыстық соты он жылдан кейін қалай елестетесіз?

– Мен адамдар қорықпай, сеніммен келетін сотты көргім келеді. Цифрлық технологиялар судьяны артық қағазбастылықтан босатып, істің мәніне терең үңілуге мүмкіндік беруі керек. Сот шешімдері түсінікті, дәйекті әрі әділ болуы қажет. Тіпті, даула жекілген тараптың өзі соттың әділ болғанын сезінуі тиіс. Сын-қатерді де естен шығармақ жок. Мәселен, жүктеменің артуы. Құқықтық қатынастардың күрделене түсуі. Криптовалюталар, жасанды интеллект, жаңа бизнес моделдері құқық саласына тың мәселелер әкелуде. Сот қаншалықты қолжетімді болған сайын, оған жүгінетін азаматтар саны да артады. Демек, жүйе де соған сай дамып отыруы керек. Әділ сот – біздің өмірлік таңдауымыз! Егер сіз өз еңбегіңіздің нақты бір адамның өміріне оң әсер ететінін түсінсеңіз, бұл кез келген материалдық ынталандырудан күшті әсер етеді. Жылдар өткен сайын бір нәрсені анық түсінеміз: әрбір істің артында адам тағдыры тұр. Сол тағдырға заң аясында ықпал ету – үлкен мәртебе әрі үлкен жауапкершілік. Меніңше, дәл осы сезім осы сотқа қызмет еткен барлық буынды біріктіріп келеді.

Сұхбаттасқан Еркәнат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Сурет Қарағанды облыстық сотының баспасөз қызметінен

• ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНА – 90 ЖЫЛ

Әділетке бастар жол

Құқықтық мемлекет құру жолындағы ең маңызды міндеттердің бірі – азаматтардың сот билігіне деген сенімін нығайту. Бұл сенімнің өзегі – әділдік, заң үстемдігі және сот жүйесінің ашықтығы мен кәсіби сапасы. Сот төрелігі шынайы әділетке негізделген жағдайда ғана азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделері толық қорғалып, қоғамда тұрақтылық пен құқықтық тәртіп орнығады. Сондықтан да, сотқа деген сенім – құқықтық мемлекеттің берік іргетасы.

2024 жылғы 4 қазанда Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Сульялардың IX съезінде сот жүйесінің қоғамдағы рөліне айрықша тоқталды. Мемлекет басшысы «Заң мен тәртіп – әділетті қоғамның негізгі өлшемі. Бұл – заң алдында бәрі бірдей, тең құқылы деген сөз. Сол себепті, сот органдары азаматтардың басты қорғаны болуы керек. Цифрлық технологиялар азаматтардың сот процесіне қатысуын айтарлықтай жеңілдетті. Сондай-ақ, сот қызметінің барынша ашық болуын қамтамасыз етті», – деп атап өтті. Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында 2024-2025 жылдары Сот әкімшілігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті ауқымды кешенді шараларды іске асырды. Соттардың қызметі туралы Қарағанды облысының халқын уақытылы әрі нақты ақпарат пен қамтамасыз ету үшін баспасөз қызметі және судья-үйлестірушілер бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыста жұмыс істейді. Олар резонанстық істер бойынша құқықтық түсіндірмелер беріп, журналистермен тұрақты қарым-қатынас орнатып, сот пен қоғам арасындағы сенімді нығайтуға күш салады. Мәселен, былтыр облыс соттары бойынша 614 мақала, 98 репортаж, 686 интернет материалы жарияланып, 4 брифинг ұйымдастырылды. Облыстық соттың ресми сайтында 82 жаңалық орналастырылды. «Заң алаңы» медиа жобасы аясында судьялардың қатысуымен бейнетүсінірмелер әзірленіп, әлеуметтік желілерде орналастырылды. «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесі өтініштерді қабылдау мен қарау процесін жеңілдетіп, олардың орындалуын бақылауға мүмкіндік береді. Биылғы дейін Қарағанды облысының соттары тарабына

«Е-Өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы 4678 арыз келіп түсті. Оның ішінде, 4271 өтініш қаралды, 364 өтініш құзыретіне сәйкес басқа мемлекеттік органдарға жолданды, ал, 43 өтініш қаралу сатысында қалды. Атап өту қажет, 2024 жылы Қарағанды облыстық сотында алғаш рет, қоғам қызығушылығын тудырған Қарағандыда жедел-жәрдем көлігінің жүргізушісі соққыға жыққан күдіктіге қатысты қылмыстық іс онлайн режимде өткізілді. Бұл сот өндірісінде ақпараттық технологияларды тиімді қолдану арқылы қоғамның тез және сенімді ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының барлық деңгейдегі соттарында істерді автоматтандырылған бөлу жүйесі (ІАБ) 2019 жылдан бастап енгізілді. Осы жүйені пайдаланудың айрықша ерекшелігі сот өндірісінің азаматтық және әкімшілік істерін қараудың жаңа тетігі, эксаумалық соттылық деп аталатын қағидағар қолдану мүмкіндігі дер едік. Демек, әрбір азаматтың Республика төңірегіндегі кез келген сотты тандап, істерді қарауға құқығы бар екендігінің бір белгісі бул. Істерді автоматты тіркеу және бөлу (АТБ) «ТӨРЕЛІК» жүйесіндегі роботтандырылған платформа материалдардың толықтығын тексереді, келіп түскен құжаттарды тіркейді және істерді судьялар арасында эксаумалық соттылық қағидағар бойынша бөледі. Әкімшілік істер бойынша автоматтандыру жол-көлік оқиғалары бойынша әкімшілік құқық бұзушылық хаттамалары және бірақтар өзге де құқық бұзушылық санаттары бойынша қаулы жобалары адам қатысуысыз қалыптасады, кейін судья бекітеді. Жасанды интеллект элементтері бар талдау интеллектуалды іздеу, Сот тәжірибесі және Сот аналитикасы бағдарламала-



рын кеңінен сот жүйесінде қолдану. Құпия ақпаратты қамтымайтын сот процесінің онлайн-трансляциясы іске қосылып, мектеп оқушылары мен заң факультетінің студенттері үшін ашық есік күндері тұрақты түрде өткізіліп келеді. Сот ісін жүргізудің Бірыңғай ақпараттық жүйесі жетілдіріліп, талап арыз беру, істің қозғалысын бақылау және сот шешімдерін алу үдерістері едәуір оңтайландырылды. Сонымен бірге, электрондық құжат айналымы сот органдары, адвокаттар мен іс қатысушылары арасында біріздендірілді. Судьялар мен сот қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында оқыту семинарлары тұрақты түрде ұйымдастырылуда. Негізгі назар азаматтармен этикалық қарым-қатынас орнату, іс жүргізу нормаларын қатаң сақтау, әділ әрі бейтарап шешімдер қабылдау, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және әдеп нормаларын сақтау мәселелеріне аударылады. Азаматтардың арыз-шағымдарын қабылдау мен қарау тәртіптері жетілдіріліп,

әр өтініш мұқият зерделеніп, тиісті шаралар қабылданады. Қоғамдық ұйымдармен бірлесіп отырып, құқықтық мәдениетті арттыру және сотқа деген сенімді нығайту бағытындағы іс-шаралар белсенді түрде жүргізілуде. Ал, Қарағанды облысы бойынша сот әкімшілігінің департаменті халықтың сот жүйесіне деген сенімін нығайту бағытындағы қызметін тұрақты түрде жүзеге асыруда. Алдағы уақытта департаменттің басты басымдықтары ретінде қоғаммен кері байланысты нығайту, ақпараттық ашықтықты қамтамасыз ету, тиімді коммуникация орнату, құқықтық түсіндіру және ағарту жұмыстарын жүргізу, БАҚ-пен тұрақты өзара әрекеттестікті ұйымдастыру, сондай-ақ, сот жүйесін цифрландыру арқылы ақпараттың қолжетімділігін және ашықтығын қамтамасыз ету көзделген.

Мирлан ҚЫЗЫЛОВ, Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Қарағанды облысы бойынша департамент басшысы

Өнеркәсіп өрісі кеңейеді

Бұқар жырау ауданы облысымызда дамыған ауыл шаруашылығы ғана емес, өнеркәсібі де өркендеп келе жатқан өңірлердің бірінен саналады.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Біздің аймақ экономикасының тұрақты өсімін қамтамасыз ететін негізгі саланың бірі – өнеркәсіп, – дейді осы орайда Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын. – Бүгінде аудан аумағында 45 өнеркәсіп кәсіпорны жұмыс істейді. Соның ішінде «Сәт Көмір», «Кузнецк разрезі», «Кушоқы» сияқты 3 көмір разрезі болса, «Қазақмыс» корпорациясына қарасты «Нұрқазған» және «Қажықонған» кеніштері бар. Ал, өңдеу өнеркәсібі саласында 3 мыңнан астам адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Аудан әкімінің айтуынша, биылғы өткен төрт айдың қорытындысы бойынша мұнда өнеркәсіп өндірісінің көлемі 40,7 миллиард теңгені (2025 жылы – 29,4 миллиард теңге) құраған. Айғақты индексі көлемі – 101,6 пайыз.

Жекелей алғанда, тау-кен өнеркәсібінің өнім көлемі 12,6 миллиард теңге болып, өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 31 пайыз (2025 жылы – 9,6 миллиард теңге) өсіпті.

Ал, өңдеу өнеркәсібінде өндірілген өнім көлемі 27,3 миллиард теңгені құрап, өткен жылдың тиісті мерзіміне қарағанда (2025 жылы – 20,8 миллиард теңге) 31,3 пайыз артқан.

Қазірде Бұқар жырау ауданын-

дағы өнеркәсіп өндірісінің негізгі қозғаушы күші «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағы болып отыр. Мұнда өңдеу өнеркәсібінің түрлі салалары бойынша ауқымды инвестициялық жобалар жүзеге асып келеді. Яғни, былтыр аталған экономикалық аймақта жалпы құны 83 миллиард теңгені құрайтын 3 инвестициялық жоба орындалып, пайдалануға берілген көрінеді.

Соның бірі кешенді балқымалар өндіру жөніндегі «Қарағанды пауэр силикон» ЖШС заводы (1145 жұмыс орнын құратын бұл жобаның құны 62,8 миллиард теңге де, (1-кезекте 1 іске қосу кешені, 4 пеші – 497 жұмыс орны. Іске қосылған уақыты – 2025 жылдың бірінші жартысы). 1 пеш іске қосылып, 50 жұмыс орны құрылса, қалған 3 пешті іске қосу 2026 жылдың бірінші тоқсанына жоспарланған.

Келесі химиялық өнеркәсіп өнімдерін, жарғыш және пиротехникалық заттарды шығаратын «Пауэр бласт» ЖШС (31 жұмыс орнын құратын бұл жобаның құны – 1,6 миллиард теңге. Іске қосу мерзімі – 2025 жылдың екінші жартысы).

Соңғы алюминий радиаторлар шығаратын «Silumin Qazaqstan» ЖШС (180 жұмыс орны ашылатын осы жобаның құны – 18,6 миллиард теңге. Іске қосу мерзімі – 2025 жылдың желтоқсаны).

Мұнда құрылыс жұмыстары аяқталып, өндірісін бастау 2026 жылдың екінші жартыжылдығына жоспарланған.

– Биыл тағы да 3 жаңа инвестициялық жобаны іске асыруды жоспарлап отырмыз, – дейді аудан әкімі Ерлан Құсайын.

Мұның бірі жоба құны 2,4 миллиард теңге болып табылатын «Arcus ИНВЕСТ» ЖШС теміржол бұйымдарын шығаратын зауытта 36 жұмыс орны құрылмақ.

Ендігі жоба құны 7,6 миллиард теңгеге тең «Жана «ЛАВ» ЖШС өнеркәсіп лабораториясы 153 адамды жұмысқа қабылдайды.

Келесі жобалық құны 62,796 миллиард теңге болатын «Qaragandy Power Silicon» ЖШС 2 кезеңінің кремний балқымаларын (ферросилиций) шығаратын зауытта да 497 жаңа жұмыс орны ашылады.

Енді 2026 жылдың 6 айының қорытындысы бойынша Бұқар жырау ауданы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 62,2 миллиард теңгені құрап, айғақты көлем индексі 101 пайыз (2025 жылы – 59,5 миллиард теңге) болады деп күтілуде. Жалпы биылға белгіленген өнеркәсіп өнімдерін өндіру жоспары 199,9 миллиард теңге болса, бұқаржыраулықтардың оны да орындайтынына сенім мол.

Бұқар жырау ауданы
Сурет ұйымдастырушылардан

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Сарандағы сала саңлақтарының салтанаты

Саран қаласының Мәдениет үйінде Медицина қызметкерлері күніне байланысты өткен салтанатта өз еңбегімен және кәсіби біліктілігімен көзге түскен осы саланың бір топ ақ халат иелеріне сый-сияпат жасалып, құрмет көрсетілді.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Саран қаласы әкімдігінің аппарат басшысы Ақылбай Нағидулла өзінің құттықтау сөзінде:

– Мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сіздерге арнаған құттықтау тілегінде «Денсаулық саласын дамыту, дәрігерлерді барынша қолдау – мемлекеттің маңызды міндетінің бірі. Біз өздеріңіздің қажырлы еңбектеріңізді жоғары бағалаймыз.

Сіздер «Адал азамат» тұжырымдамасының идеялары мен құндылықтарын берік ұстанып, кәсіби біліктілік пен антика адалдықтың үлгісін көрсетіп жүрісіңдер» деп айтқандай, сіздердің халықтың денсаулығын сақтау мен адам өмірін қорғау жолындағы жанқиярлық еңбектеріңіз өлшеусіз зор. Сол үшін де қандай құрметке де лайықсыздар, – деп, ең бірінші кезекте Саран қалалық ауруханасының директоры Айбек Рахымбековке, дәрігерлер Елена Арышева, Елена Шахметова, аға медбике Наталья Картанович, емделушілерді қолдау қызметінің үйлестірушісі Людмила Миронова, адам ресурстарын басқару қызметінің басшысы Диана Чабан, статист-дәрігер Әминия Ахмедоваға қала әкімінің Алғыс хаттарын табыс етті.

Бұдан кейінгі марапаттардың алғашқы легін тапсыру еркі Айбек Рахымбековке берілді. Өйткені, бұл күнгі салтанатқа қатысу отырған дәрігер, медбике, санитарлардың барлығы да оның өзі басқаратын қаладағы бірден-бір емдеу мекемесінде еңбек етеді екен.

Ол Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің грамотасын әріптесі Елена Жұмбаева, облыстық денсаулық сақтау басқармасының грамотасын Юлия Вичикова, Алғыс хатын Татьяна Мурзаковаға табыс етті.

Сондай-ақ, қалалық аурухана әкімшілігінің Алғыс ха-



ты оның қолынан әріптестері Шынар Әзімбаева, Мелания Алексеева, Эльмира Әлімханова, Владислав Аристархов, Евгения Ахметьянова, Татьяна Бакушева, Сұңқар Бекенов, Галина Богданова, Татьяна Грязнова, Станислав Долинский, Нина Евдокимова, Галина Камдрон, Гүлмира Қозыбаева, Зарина Ковраева, Ольга Кузнецова, Галина Локшина, Галина Лукаржевская, Татьяна Медведина, Наталья Миронова, Екатерина Окасова, Сымбат Өмірзақ, Аружан Съездова, Альфия Сунгатулина, Әсия Уәлі, Светлана Хабарова, Ольга Шевкунова, Светлана Шайдулина, Наталья Быкова, Гүлнар Шайкенова, Наталья Сверчкова, Наталья Обносина, Людмила Анищенко, Любовь Ткачук алды.

Облыстық «Senim» медицина қызметкерлері кәсіподағының Құрмет грамоталарына Дамир Балғожин, Ирина Ахметьянова, Татьяна Шмелева, Александр Капитанов ие болды.

Келесі кезекте «AMANAT» партиясының естелік сыйлықтарын Саран қалалық мәслихатының депутаты Нұрғүл Тәжібаева Гүлім Бейсенова, Ольга Чернышева, Ботагөз Түсіповаға табыстады.

Біз осы жолы марапатталғандардың арасынан жас мамандар Әсия Уәлі мен Сымбат Өмірзақты сөзге тартқанымызда, екеуінің де Түркістан облысының тумалары,

2025 жылы жүрек қалауларымен мұнда отбасыларымен келіп, Саран қалалық ауруханасында жалпы тәжірибе дәрігерлері болып істейтінін білдік. Алматы медицина университетінің интернатурасын бітірген Әсияның жұбайы Болатбек Нұрқанат Қожа Ахмет Яссауи атындағы Түркістан университеті медицина факультетін аяқтаса, Сымбат пен оның жұбайы Мейірбек Ибрашев та осы оқу орнының түлектері. Қазірде төртеуі де осы ауруханада еңбек етеді. Тіпті, Мейірбек бөлім меңгерушісі болып тағайындалған.

– Біздің Қарағанды облысына келген себебіміз – мұнда жас мамандарға қатты қолдау көрсетіліп, жақсы жағдай жасалатынын естіп, білгеніміз. Оған көзіміз де жетті. Облыс әкімдігінен біз төртеуіміздің әрқайсымызға 5 миллион теңгеден беріліп, соған баспаналы болдық. Енді бұл жерден кеткіміз жоқ, – дейді Әсия мен Сымбат қосарлана.

Медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай Саран қаласында өткен салтанат соны жергілікті өнер ұжымдары мен өнерпаздарының үлкен концертіне ұласты.

САРАН

СУРЕТТЕ: Жалпы тәжірибе дәрігерлері, жас мамандар Сымбат Өмірзақ пен Әсия Уәлі

Суретті түсірген автор

• БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

Жақсылықтың жарқын үлгісі

Балқаш қаласындағы №5 балалар кітапхана-филиалында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған сенсорлық бұрыштың салтанатты ашылу рәсімі өтті. Салтанатты шараға Балқаш қаласының зиялы қауым өкілдері, демешілер, кітапхана қызметкерлері, балалар мен олардың ата-аналары қатысты. Бұл игі бастама балалардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасап, олардың шығармашылық қабілеттерін шыңдауға бағытталған маңызды әлеуметтік жоба ретінде көпшіліктің көңілінен шықты.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Іс-шараны ашқан Балқаш қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесінің басшысы Балшырын Мұхаметжанова бұл жобаның маңыздылығына тоқталып, ерекше балаларға қолайлы орта қалыптастыру қоғамның ортақ міндеті екенін атап өтті. Сондай-ақ, ол қайырымдылық жасап, сенсорлық бұрыштың ашылуына қолдау көрсеткен демешілерге алғысын білдірді. Жоба аясында балаларға арналған үстелдер мен орындар және жұмсақ диван, арнайы кілемшелер, маркер тақтасы, телевизор, сурет салуға арналған тақта, құммен сурет салу кешені, тактильді ойындар және түрлі дамыту құралдары сатып алынған. Жалпы, жобаны жүзеге асыруға шамамен 2 миллион теңге көлемінде қаржы жұмсалған.

Шара барысында демешілерге Алғыс хат табысталып, естелік сыйлықтар ұсынылды. Соз алған «Коунрад» корпоративтік қорының басқарма мүшесі және «Сары Казна» ЖШС-нің бас директоры Раулан Қозғамбаев мұндай әлеуметтік жобалар алдағы уақытта да қолдау табатынын жеткізді.

– Балалардың қуанышы – біздің ортақ қуанышымыз. Сондықтан да, біз осындай қайырым-



дылық шараларына тұрақты түрде «Коунрад» корпоративтік қорының басқарма мүшесі әрі «Медная компания Коунрад» ЖШС-нің бас директоры Виталий Логачев мырзамен бірлесіп атсалысуға дайынбыз. Біз қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілігімізді терең сезінеміз. Сондықтан, компаниямызға түскен пайданың бір бөлігін балаларға арналған осындай игі істерге жұмсауды дәстүрге айналдырдық. Алдағы уақытта да кітапханамен бірлесіп жұмыс жасап, қажетті көмегімізді көрсетеміз, – деді ол.

Сонымен қатар, корпоративтік коммуникациялар жөніндегі маман Дилара Абуғалиева да жобаға қолдау білдіріп, кітапхана ұжымына ізгі тілегін жеткізді.

Мерекелік шара барысында балалар өз өнерлерін ортаға салды. Жас өнерпаздар Камила Саржанова мен Маралбек Амурзаков ән шырықп, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Сонымен қатар, балалар жаңа сенсорлық бұрыштағы

мүмкіндіктерді таныстырып, құммен сурет салу, тактильді ойындар мен дамыту құралдарын пайдалану тәсілдерін көрсетті. №5 балалар кітапхана-филиалының меңгерушісі Алма Сәрсекеева мен кітапханашы Нұрғүл Ғазизқызының ұйымдастыруымен өткен шара ерекше әсерге толы болды. Қорытынды сөз сөйлеген кітапхана меңгерушісі Алма Сәрсекеева демешілерге және қолдау білдірген барша азаматтарға ризашылығын жеткізді.

Айта кетейік, №5 балалар кітапхана-филиалы бүгінде 14 мыңнан астам кітап қорымен оқырмандарға қызмет көрсетіп келеді. Кітапхана жанынан мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Күншуақ» клубы жұмыс істейді. Аталған клуб өткен жылы әлеуметтік жобалар байқауында жеңімпаз атанып, ерекше балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мен олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға зор үлес қосқан болатын.

БАЛҚАШ

«Жасыл ел» жұмыс үстінде



Нұра кентінің Тәуелсіздік саябағында аудан жастарын маусымдық жұмыспен қамтуға бағытталған «Жасыл ел» еңбек жасағының кезекті жұмыс маусымының ашылу рәсімі салтанатты жағдайда аталып өтті. Аталған шараға аудан жастары, бағдарламаға қатысушы сарбаздар және жауапты мекемелер өкілдері қатысты.

Нұра ауданының ішкі саясат бөлімі басшысы Данияр Алшынбаев жастарды жаңа еңбек маусымының басталуымен құттықтап, елдің дамуына, ауылдардың тазалығы мен көркеюіне қосып жүрген үлесіне ризашылық білдірді. Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырып жатқан «Таза Қазақстан» бағдарламасының мақсат-міндеттерін орындауда «Жасыл ел» сарбаздарының еңбегі ерекше екенін атап өтті.

Әрбір тазаланған аумақ, жиналған қоқыс, елдімекендерді абаттандыру бағытында атқарылған жұмыс туған жеріміздің келбетін көркейтіп, жастарды еңбекке баулуға ықпал ететіні белгілі. Жазғы еңбек маусымы уақытты пайдалы іске бағыттап, табыс табудың көзі ғана емес, жаңа достар тауып, өмірлік тәжірибе жинаудың мол мүмкіндігі екенін атап көрсетілді.

«Жасыл ел» бағдарламасы аясында жаздың үш айында Нұра өңірінде жүз сарбаз жұмыс атқарады деп күтілуде. Еңбек ұжымдарына қабылдауда әлеуметтік осал топ санатындағы отбасылардан шыққан жастарға басымдық беріледі.

Жастарды мемлекеттік қолдауға бағытталған нақты қадамдардың бірі – осы. Маусым айында еңбек жасағы құрамына 40 сарбаз тартылады. Оның ішінде 14-15 жастағы жеткіншектер күніне төрт, 16-34 жастағы жастар алты сағат жұмыс істейді.

Жұмыс алдында бағдарламаға қатысушылар қауіпсіздік техникасымен, еңбек қорғау талаптарымен, атқарылатын жұмыстардың ерекшеліктері атап көрсетілген нұсқаулықтармен таныстырылды.

Салидат ЖАРОВА

Нұра ауданы

• ТАНЫМ

Тасаттық тағылымы

Биыл табиғат тосын мінез танытып тұр. Жылдағыдай мезгілімен жауын жаумай, жердің реңі қашып, шөптің нәрі кеміген. Кенезесі кепкен дала шаруаның да, төрт түліктің де жайын ойлатпай қоймайды. Осындайда қазақтың ежелден ұстанған бір амалы бар. Ол – тасаттық.

Өткен демалыста ауылға жол түсіп, қарашанырақтағы шаруаларға қолғабыс қылып қайттық. Ауыл халқы да осы жолы жауын тілеу ниетімен жиналып, тасаттық берді. Дегенмен, көңілде бір күпті ой бар. «Осы біз тасаттықтың түпкі мәнін дұрыс түсініп жүрміз бе? Дәстүрдің рәсімін орындағанымызбен, ішкі байыбына қаншалықты бойлап жүрміз?»



Көпшілік жасаған Айбек Рақыпжан

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Ауыл іргесіндегі бұлақ басында құрбандық шалынып, дұға жасалды. Әйткенмен, көпшілік бас қосқан жерде әңгіме де көбейетіні кәдік. Кейде дүние дүрмегін сөз етіп, орынсыз қалжың, өсек-аянға ерік береміз. Тасаттыққа келген жұрттың бәрі бірдей дұғаға ұйып, ниетке бекін тұр ма? Өлде бір бөлігі қазан-ошақтың маңын төңіректен, астың қамын көбірек күйттей ме? Ойландыратын тұс – осы.

Бала күнімізде тасаттыққа ауыл халқының түгелі дерлік жиналатын. Еңбектеген баладан, еңгейген қарияға дейін, кәрі-құрғаң да, жас та, бала-шаға да ортақ ниетке ұйып, бір кісідей атсалысатын. Бұл жолы сол көпшіліктің қарасы сирегендей көрінді. Бірі күнделікті күйбең тіршілікті күйттеп, шыға алмаса, бірі мұны көптің ортақ амалы емес, санаулы адамның шаруасындай көреді. Өрине, әркімнің өз себебі бар. Бірақ, тасаттықтың өзі – жеке адамның емес, тұтас қауымның тілеуі емес пе?!

Облыстық «Әнет баба» мешітінің ұстазы Сұлтан Аман-

жолдың айтуынша, тасаттық – асыл дініміздегі жаңбыр сұрау амалы. Оның басты шарты – көпшіліктің ортақ ниетке ұюы.

– Тасаттық сөзі араб тіліндегі «тасаддуқ» ұғымымен байланысты. Мағынасы – Алла разылығы үшін садақа беру. Қазақ тұрмысында бұл амал қуаңшылық кезде Жаратқаннан жаңбыр тілеу, мал-жаннның амандығын сұрау, жердің көгеруін, елдің берекесін тілеу мақсатында атқарылған. Исламда мұндай дұға «истиска» деп аталады. Яғни, тасаттықтың негізінде құр рәсім емес, құлшылық, дұға, тәубе, садақа жатыр. Тасаттық кезінде ауыл адамдары мүмкіндігінше түгел жиналып, ашық жерде, өзен-бұлақ басында немесе елге ыңғайлы орында Алладан жаңбыр тілеп дұға етеді. Құрбандық шалынып, Құран оқылады. Жиналған жамағатпен нәзіл намазы оқылып, арнайы дұға жасалады. Үлкендер ізгілікке үндейтін онегелі әңгіме айтып, қариялар бата береді. Мұнда ең бастысы – қарапайымдық, шынайы ниет, көпшіліктің бір тілекке ұйысуы. Тасаттыққа үлкендер де, жастар да, балалар да қатысқаны абзал.

Өйткені, бұл – бір адамның емес, тұтас қауымның ғибадаты, – дейді Сұлтан Мауратұлы.

Бүгінгі тасаттық беруде көлеңкелі тұстар да аз емес. Кей жерде жұрттың бір бөлігі намазға, дұғаға толық қатыспай, қазан-ошақ маңында көбірек жүреді. Тіпті, бәзбіреулер мұны табиғат аясына шыққан серуендей қабылдайды. Біреулер қанша мал сойылып, қанша ет асылып, дастарқанның қалай жайылғанына бас қатырады. Ал, тасаттықтың мәні астың молдығында емес, ниеттің түзулігінде.

Табиғат жанашыры Сәкен Келдібаев та тасаттықтың бүгінгі қоғам үшін мәні тереңде екенін айтады. Уақыт ағымына қарай өткізу сипаты өзгергенмен, негізгі өзегі өзгермеуі тиіс.

– Тасаттықтың түпкі мәні – Жаратушыдан рақым тілеу, жердің кеудесі кеппей, егіннің бітік, шөптің қалың шығуын, мал-жаннның амандығын сұрау. Бұл рәсімнің қоршаған ортаға қатысты тұстары да баршылық. Дәстүрдің өзінде табиғатты аялау пәлсапасы бар. Рәсім өткен жерді лақтамау, суды арамдамау, қалдық қалдырмау, малдың сүй-

егін шашпау, бұлақ көзін ашу – мұның бәрі қазақы тәртіптің бір пұшпағы. Тасаттықтың қоршаған ортаға кері әсері болмауы керек. Су бойында өткізілген рәсім кезінде өзенге қалдық тастауға, айналаны ластауға мүлде жол берілмеуі тиіс. Себебі, су – тіршілік көзі. Тасаттық адамға өзінің табиғаттың бір бөлшегі екенін сезіндіреді. Бүгінгі тілмен айтқанда, бұл – қоғам назарын суды үнемдеуге, қуаңшылыққа, климаттың өзгеруіне, жайылымдардың тозуына аудартатын халықтық танымның бір көрінісі, – деді ол.

Сәкен Сәбиденұлының сөзінше, расында, қуаңшылықты тек аспаннан жауын жаумаумен ғана түсіндіру жеткіліксіз. Жердің апшысының қуырылуы, су көздерінің тартылуы, бұлақтардың бітелуі, жайылымның жүдеуі, суды ысырап пайдалану – мұның бәрі табиғаттағы тепе-теңдікке әсер етеді. Сондықтан, бүгінгі тасаттық дұғамен бірге нақты іске ұласса, құба-құп. Бұлақ көзін ашу, арық-атызды тазалау, айналыны коқыстан арылту, ағаш отырғызу, суды үнемдеу мәдениетін қалыптастыру – осы дәстүрдің қазіргі мазмұнын тереңдететін түсетін амалдар.

Осы орайда ел ішінде айтылатын бір әңгіме еске түседі. Ертеректе бір ауыл қуаңшылықтан қысылып, түгел дерлік жиналып тасаттық дұғасын жасапты. Бірақ, жауын жаумайды. Екінші рет тағы жиналады. Сонда ауылдың бір данағой қариясы жұртқа: «Сендер жаңбыр сұрап отырғанда, қарсы беттегі жетім бала «Рабым, жаңбыр жаудыр ма, панамызды сақтай гөр» деп отыр екен», – дейді. Сөйтсе, әлгі жетім бала қарындасымен бірге жамау-жыртық қоста тұрады екен. Жауын жауса, бас сауғалар жері жоқ. Мұны естіген ауыл азаматтары жетімнің үйін бүгіндеп, панасын ретке келтіреді. Содан кейін ғана көктем рақым себелеп, жер көгерген екен.

Бұл тәмсілден түйеріміз көп. Тасаттықта ниетімізді түзеп, бір мезет айналымызға көз жүгіртіп, мұқтажың жайын ойлап қойсақ құба-құп. Өйткені, береке тек тілекте емес, ниетте, бірлікте. Ал, мұндай тілек таза ниетпен, ортақ жауапкершілікпен ғана мәнді. Бәлкім, көктем күткен берекенің кілті де жердегі осындай ұсақ көрінетін істерде жатыр...

• СПЕКТАКЛЬ

Бақыт жайлы ТОЛҒАНҒАН

Сәкен театрында залға лық толған көрерменді бірде күлдіріп, бірде ойға батырып, соңында ағыл-тегіл жылтатқан бір жақсы поэтикалық спектакль өтті. Атауы – «Бақыт деген не өзі?». Режиссері – Айдын Салбан. Жалпы алғанда бақытты әркім өзінше түсінеді. Парасат-пайымына, ой-өресінің деңгейіне қарай қабылдайды. Дегенмен, «бұл спектакль сауалға жауап тапты ма екен немесе қай қырынан көрсетеді екен?» деген сұрақтармен орнымызға жайғастық. Спектакль өткен мен бүгіннің арасын жалғап жатқан қазақ ақындарының таңдамалы, талғамы биік поэзияларынан құралған.



Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Спектакль ойлағанымыздай Мұқағали Мақатаевтың өлеңімен басталады. Тұтастай осы өлеңнің мазмұнымен өрбіді десек те болады. Сахнаның ортасына жүзінен көрегендіктің, даналықтың нышаны байқалатын, өз өмірінің нүктесіне таяған бір ақсақал шығып, әйгілі өлеңді оқыды. Қария:

«Бақыт деген не өзі?», деп бастады топ таласты. Бірі оны үйден іздеп, бірі қырдан әрі асты, бірі айтады: – кілт тоқтады. Содан ортаға ғұмырдың бозбалалығында жүрген бір топ жас шығып, таласты бастады. Әркім өзінің сол бір бақыт жайлы ойын айтып.

Бақыт деген – барлық байлық емес пе? Керегінше киіп ішсең, бақыттысың емес пе?», – деді жүріс-тұрысынан, мінез-қылығынан даңғойлық аңдалған біреуі. Бірі айтады: «Жоқ, бақыт деген – қолың жетпес мансап қой. Жұрттан гөрі жүрсең ерек, соның өзі жақсы ат қой». Міне, осылайша топ бақыт жайлы таласқа түсті. Пенделік деңгейдегі толғам-тоқтамдардан адамдық биігіндегі пайымдарға дейін айтылды. Барлығы басқа да өлеңдермен, әндермен өрілді. Бастысы – режиссер бақытқа ұмтылған қанша адам тағдырының бұралаңдарын көрсетуге тырысты.

Ақырында бақыт дегенді жар деп білген жан жарынан ажырасып, бала деп білгені баласынан айрылып құсаға батады. Ал, байлық пен мансап дегендер екеуінің де отбасындағы шынайы мейірім мен махаббатсыз баянсыз және түкке де тұрмайтынын ұғып, қайғының құрдымына түседі. Енді біреуі бақия аттанған анасын сағынып жылайды, оған арнап жыр оқиды, ән айтады. Ол «бақыт деген ананың мейірілі алақанында екен ғой», – дейді кеудесі өкініштен қарс айрылып. Режиссер сол кейіпкердің өкініші арқылы адам баласының өткен

күндерді әйтеуір бір күні сағынып, бақытты өткеннен іздейтінін жеткізеді. Ондай сәтте дәл осы тұрған шағында, тіпті, келешегінде бақыттың көлеңкесі де жоғын айтып, шарқ ұратын қайран адамның табиғаты.

Спектакльде бойжеткен шағында өзін сүйіп тұрған жігітті менсінбей, бетін қайтарып, өз ғашығының соңынан кеткен қыздың тағдыры да бар. Ол да дегеніне жете алмай тағдыр қайғысының торына шырмалады. Сахнадағы шырғаландардың ішіннен дәл осындай тағдырлы жігітті де аңдадық.

Жыңдының да өмір жайлы сандырағын естисіз. Бәлкім, оныкі сандырақ та емес шығар? Ортаға шығады да, «Жесірің анау, жетімің анау, кем-кетігің анау. Менеміз жетісіп күлеміз осы, аа-аа-аа? Мен ес білгелі тұтқынмын, тұтқынмын, өз басымның тұтқынмын», – деп орыннан қайта-қайта секіріп ах ұрады. Осы тұста Мағжан Жұмабаевтың «Жүрегім, мен жарлымның жарлығына, Сұм өмір абақты ғой саналыға» деген өлең жолдары келеді. Хәкім Абайдың «Ойлы адамға қызық бұл жалғанда» дегені де ойға сап ете қалды.

Ойлап отырсаңыз, ойлы адамға мына өмірде не қызық бар екен? Бірақ, бақыт тек бақытты сәттерде ғана болатын сияқты. Бақытты сәттері көп адамдар ғана өмірінің соңында «бақытты өмір сүрдім» деп айта алатындай.

Спектакльден ойға батып шықтық. Режиссер жауап берген жоқ, тек сол сауалдың жауабына жол көрсеткендей. Шыға берісте театр қызметкерлері сауалнама бұрышын дайындапты. Әркім барып «Бақыт деген не өзі?» деген өмірдің бір күрделі сұрағына өз жауаптарын жазып жатты. Үміт үзбей іздейді олар, Тыңдап сол бір жақұтты. Оны аластан іздемегің, Жүректен тап бақытты!

(Мұқағали)

Сурет Сәкен театрының баспасөз қызметінен

Тұрғындар назарына!

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2026 жылдың 01 шілдесінен бастап «Жетімшоқы кен орнындағы тау-кен жұмыстарын салдарын жою жоспары» бойынша жария талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулардың өткізілетінін хабарлайды.

Өсер ету аймағы: Қарағанды облысы, Абай ауданы, Қарабас кенті

Учаскенің географиялық координаттары:

№	Солтүстік ендік	Шығыс бойлық
1	49°35'28,99"	72°59'32,23"
2	49°35'31,19"	72°59'35,89"
3	49°35'32,93"	72°59'46,12"
4	49°35'42,10"	72°59'53,76"
5	49°35'45,57"	72°59'00,11"
6	49°35'45,19"	72°59'22,77"
7	49°35'36,75"	72°59'18,58"
8	49°35'21,58"	72°59'23,49"
9	49°35'13,10"	72°59'15,50"
10	49°35'05,96"	72°59'59,66"
11	49°35'06,81"	72°59'52,96"
12	49°35'11,21"	72°59'45,52"
13	49°35'09,51"	72°59'45,52"
14	49°35'13,47"	72°59'31,67"
15	49°35'20,68"	72°59'32,88"

Вниманию жителей!

ТОО «Корпорация Казахмыс» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений «Плана ликвидации последствий вения

Географические координаты участка:

№	Северная широта	Восточная долгота
1	49°35'28,99"	72°59'32,23"
2	49°35'31,19"	72°59'35,89"
3	49°35'32,93"	72°59'46,12"
4	49°35'42,10"	72°59'53,76"
5	49°35'45,57"	72°59'00,11"
6	49°35'45,19"	72°59'22,77"
7	49°35'36,75"	72°59'18,58"
8	49°35'21,58"	72°59'23,49"
9	49°35'13,10"	72°59'15,50"
10	49°35'05,96"	72°59'59,66"
11	49°35'06,81"	72°59'52,96"
12	49°35'11,21"	72°59'45,52"
13	49°35'09,51"	72°59'45,52"
14	49°35'13,47"	72°59'31,67"
15	49°35'20,68"	72°59'32,88"

Инициатор: ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Бесбаева М.М., менеджер GR ТОО «Корпорация Казахмыс», контакты: тел. 8 (7172) 557665 (вн.10894), эл.адрес: Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz.

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Сулейменова А.Б., контакты: тел. 8 (7172) 55 76 72 (вн.10557), эл.адрес: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Материалы проекта размещены на сайте: <https://ndbecology.gov.kz> и www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru

Замечания и предложения по проекту принимаются по ссылке <https://ndbecology.gov.kz>, на эл.адрес: expertiza.uzr_krg@mail.ru и почтовый адрес: Карагандинская область, г.Караганда, ул.Лободы 20, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл.адресу Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz и по номеру телефона 8 (7172) 55 76 72 (вн.10557).

Регистрация производится за 15 минут до проведения общественных слушаний при предоставлении удостоверения личности.

Академик Е.А.Бокетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«Т-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (информатика+математика), «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (физика+ атематика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Цифрлық мемлекеттік басқару», «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (география+математика), «Туризм», «Мейрханна ісі және қонақ үй бизнесі» (география+шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесі заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы+адам, қоғам, құқық). Мемллицензия: KZ55LAM00009976, «ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті» 29.10.2025 ж. берген, тел. 8 (7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksu.kz

Топтық кезең тартысы

Футболдан әлем чемпионатының топтық кезеңдегі ойындары енді қыза түскендей. Бұл кезеңде Бразилия мен Испания құрамасы алғашқы жеңісіне қол жеткізіп, топтық кезеңде көш бастады. Ал, ағылшындар мен немістер екінші кездесуінде жеңіске жетіп, алты ұнайды қоржынға салды. Ал Тунис құрамасы топтық кезеңнен шыға алмады.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

«С» тобында Марокко Шотландияны 1:0 есебімен жеңді. Қорғаныстағы тәртіп пен нәтижеге жұмыс істеп, футболдың жоғарғы үлгісін көрсетті. Африкалық команда қарсыласына көп мүмкіндік берген жоқ. Нәтижесінде, маңызды үш ұпайды қоржынға салды. Ал, Бразилия Гаитиден 3:0 есебімен басым түсіп, турнирдегі алғашқы ірі жеңісіне қол жеткізді. Олар шабуылдағы жылдамдығын толық пайдаланып, топ көшбасшыларының қатарына орнықты.

«D» тобында АҚШ құрамасы Аустралияны 2:0 есебімен тізе бүктірді. Осылайша, турнир қожайындарының бірі ретінде өз амбициясын айқын көрсете алды. Әрі олар ойын тізгінін толық бақылауда

ұстап, қарсыласқа қауіп төндіруге мүмкіндік бермеді. Екінші матчта Парагвай Түркияны 1:0 есебімен жеңіп, плей-офф жолдамасы үшін күресте маңызды қадам жасады.

«E» тобында Германия Кот-д'Ивуарды 2:1 есебімен жеңіп, екі матчтан кейін алты ұпай жинады. Немістер бұл жолы да чемпиондыққа басты үміткерлердің бірі екенін дәлелдеді. Кездесудің алғашқы бөлігінде еуропалықтар жеңіліп жатқанымен, екінші таймда тәжірибесінің арқасында жеңісті жұлып алды. Ал, Эквадор мен Кюрасао арасындағы матчта есеп ашылмады. Қос құрама 0:0 есебімен тарқасты. Дегенмен, бұл нәтиже Кюрасао үшін тарихи ұпай ретінде бағалануда.

«F» тобында ең жарқын ойындарының бірі – Нидерланд пен Швеция арасындағы ойын. Нидерландықтар қарсыласын 5:1

есебімен ойсырата жеңіп, бір бас басым екендіктерін көрсетті. Ал, Жапония Тунисті 4:0 есебімен тас-талқанын шығарды. Осы нәтижелерден кейін Нидерланд пен Жапония плей-оффқа жолдамасына бір табан жақынды түсті. Ал, Тунис құрамасының қоржынында ұпай жоқ. Екіншіке қарай, олар турнирмен қош айтысты.

«G» тобындағы Бельгия мен Иран арасындағы матчта жанкүйерлер гол көрмеді. Есеп – 0:0. Қос команда сақ футболға басымдық беріп, тәуекелге көп барған жоқ. Египет пен Жана Зеландия арасындағы кездесу 3:1 есебімен Египет құрамасының пайдасына шешілді. Африкалық ұжым шабуылдағы тиімділігінің арқасында маңызды жеңіске жетіп, келесі кезеңге шығу мүмкіндігін сақтап қалды.

«H» тобындағы Испания оянды. Бірінші турдағы күтпеген тең ойыннан кейін Испания бұл жолы Сауд Арабиясын 4:0 есебімен ойсырата жеңді. Испандар допка нелік етуде де, шабуыл ұйымдастыруда да айқын басымдық танытып, өздерінің фаворит мәртебесін қайта дәлелдеді. Ал, Уругвай мен Кабо-Верде арасындағы кездесуде 2:2 есебі тіркелді. Әлем чемпионатына алғаш қатысып отырған Кабо-Верде екінші мәрте сенсациялық нәтиже көрсетіп, тәжірибелі уругвайлықтарға ұпай бермеді. Әзірге бұл топта да жағдай шиеленісіп тұр. Соңғы ойын Уругвай мен Кабо-Верденің тағдырын шешпек.

Сурет FIFA

• СПАРТАКИАДА

Әдеттегідей алда

Қарағандыда жергілікті атқарушы органдар қызметкерлерінің арасында өткен спартакиада нәтижесінде Қарқаралы ауданы мемлекеттік қызметшілер командасы чемпион атанды.

Қоғамда саламатты өмір салтын насихаттау, адамдар арасындағы достық қарым-қатынас пен төзімділікті қалыптастыру мақсатындағы іс-шараларға тек өскелең жастар – мектеп оқушылары мен студенттер ғана емес, мемлекеттік қызмет саласының өкілдері де уақыт өткен сайын кеңінен тартылып, уақыт өткен сайын жақсы нәтижелер беруде. Бұл жолы облыстың мемлекеттік қызметшілері спорттың 9 түрі-

нен (қазақ күресі, шағын футбол, баскетбол, тоғызқумалақ, шахмат, үстел теннисі, жүзу, волейбол, гир тасын көтеру) күш сынасты. Екі күнге созылған сайыстың барысында Қарқаралы командасы спорттық серік еткендерін іспен дәлелдеп, бірінші орынды жеңіп алды.

Өз тілшімізден Сурет ұйымдастырушылардан



• ФУТБОЛ

«Шахтер» шабысынан жаңылмады

Футболдан Қазақстан Бірінші лигасының Х тур ойындары аяқталды. Осы тур аясында қарағандылық «Шахтер» өз алаңында оралдық «Жайық» клубын қабылдап, 3:0 есебімен сенімді жеңіске жетті.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жерлестердің соңғы кездегі нәтижелері жанкүйерлер көңілінен шығып жүр. Команда бірнеше ойын қатарынан ұпай жоғалтпай, турнир кестесіндегі жағдайын да жақсартып алды. Бұл кездесуде де алаң иелері жоғары деңгейдегі ойын өрнегін көрсетіп, қарсыласына мүмкіндік берген жоқ.

Матч басталған сәттен-ақ жерлестер ойынды өз қолына алып, қарсылас қақпасына үздіксіз қысым жасады. Соның нәтижесінде, кездесудің 9-шы минутында есеп ашылды. Кезекті шабуыл кезінде



қонақтар қорғаныста жүріп допты алаң сыртына шығарып алған еді. Бұл сәтті тиімді пайдаланған Данила Васильченко допты ойынға жылдам қосып, айып алаңы маңындағы әріптестеріне бағыттады. Берілген пасқа Александр Мигунов бірінші болып жетіп, допты қақпа торына дәл бағыттады. Есеп – 1:0.

Кездесудің 36-шы минутында Андрей Ульшин есеп айырмасын ұлғайтып, командасы сапындағы дебюттік голын соқты. Сол қапталдан шабуыл ұйымдастырған Артем Литош қақпа маңына сәтті пас шығарып, допты әріптесі Андрей Ульшинге жеткізді. Ал, Андрей болса, өз мүмкіндігін мүлт жібермей, қарсылас қорғаушыларын қапы қалдырып, допты қақпа торына тоғытты. Осылайша, бірінші тайм алаң иелерінің 2:0 есебіндегі басымдығымен аяқталды.

Кездесудегі соңғы нүктені 83-минутта Артем Литош қойды. Бұл голдың бастамашысы алаң ортасынан дәл пас шығарған Даниал Назаров болды. Допты

қабылдап алған Артем қарсылас қорғаушысын шебер алдап өтіп, жеке шеберлігінің арқасында қақпаны дәл көздеді. Осыдан кейін есеп өзгерген жоқ. Жерлестер оралдық ұжымды 3:0 есебімен жеңіп, кезекті үш ұпайды қоржындарына салды.

Х турдың қорытындысы бойынша турнир кестесінде 26 ұпай жинаған алматылық «Қайрат-Жыра» көш бастап тұр. 25 ұпай еншілеген қарағандылық «Шахтер» II орынға жайғасса, үздік үштікті 21 ұпаймен түркістандық «Тұран» түйіндеді.

Сұрмергендер тізімінде сегіз гол соғып, бес нәтижелі пас берген «Шахтер» шабуылшысы Артем Литош көш бастап келеді. Ал, қарағандылық клубтың тағы бір ойыншысы Рифат Нұрмұғамет бес голмен үздік мергендер қатарынан көрініп, алғашқы үштіктің қатарына енді.

Енді жерлестер 26-сы сырт алаңда «Тараз» клубымен ойнайды.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ө. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК КСЗБЖКЗХ БИН 000840001412

Таралымы 4 108
№66 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Ерік НАРЫН